

## SAIASAT

ҰЛТ БОЛЫП  
ҰЙЫСУҒА ШАҚЫРДЫ

2-бет

## QOǴAM

САНИТАРЛЫҚ  
ТАЛАПТАР –  
ҚАУІПСІЗДІК ҮШІН

3-бет

## ZERDE

ҰЛЫ ЖЕҢІС және  
ТЫЛДАҒЫ ЕҢБЕК

5-бет

## RÝHANIAT

ИСТИҒФАР  
ҚИЫНДЫҚТАН  
ҚҰТҚАРАДЫ

6-бет

## БІРЛЕСЕ БІЛГЕН ЕЛ БӘРІН ЖЕҢЕДІ

Тәуелсіздік жылдары ел өмірінің ең қиыны де күрделі кезеңдерінде мен кез келген мәселені қадірменді отандастарыммен бірге бүкпесіз, ашық талқыға салып, тұған халқымызмен үнемі ой бөлісіп келемін. Бүгінгідей бүкіл әлем алаң күйі кешіп, ұлт саулығы сығна түскен қазіргі сәтте де баршаны сабырға, байсадылыққа шақырып, тағы да жұрттыма ақ тілеулі сөзімді арнағалы отырмын.

Тұтқиылдан келген жаман індет – коронавирус дерті барша адамзатқа қауіп-қатер төндірді. Қазірдің өзінде дүние жүзі бойынша 1,4 миллионнан астам жан осы сырқатқа шалдығып, ондаған мың адамның өмірі қиылды. Сондықтан әлем мемлекеттері қатарлы дертке бірлесіп дауа іздеп, бүгінгі заманның бар күш-қуатын, ақыл-ойы мен ғылым-білімінің жетістігін ортақ мақсат жолына бірлесіп жұмылдырып, ынтымақтаса әрекет етуде.

Қазақстан қауіпті дерттің алдын алуға әлем елдерінің ең алғашқыларының бірі болып кірісті. Тиісті сақтандыру шаралары жасалды. Мемлекеттік органдар арнаулы дайындықтан өткізілді. Өзге елдерде вирус қалай пайда болып, пандемия қалай өршіп, өршігені бақыланды. Соның нәтижесінде індеттің стег алып кетуіне мүмкіндігінше жол берілмей, ахуал күн сайын тұрақты назарда ұсталып отыр. Жағдайды оңалту үшін көп жұмыс істелді, әлі де талай шаруа атқарылатын болады. Игі мақсаттағы іс-шаралардың бәрін жер-жерлерде бүкіл халық болып қолдау көрсеткеніміз жөн.

Тәуелсіздіктің ең алғашқы күндерінен бастап мен ұлы Абай ағамыздың «Кімге достығың болса, достық достық шақырады» деген дана қағидадан бастап алып, әлемнің барлық мемлекетімен арадағы келісім мен достыққа, өзара сенім мен ықпалдастыққа негізделген саясат ұстандым. Егемендіктің бастапқы жылдарында іргелес елдердің бәрімен тату қарым-қатынас орнатып, шекара мәселесін түбегейлі шешкеннен кейін түрлі деңгейдегі ынтымақтастық ұйымдарын құруға бастамашы болғанымның басты себебі де сол еді.

Еуразия экономикалық одағын, Шанхай ынтымақтастық ұйымын, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті құрып, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының тарихи саммитін, Астана экономикалық форумы мен бүкіләлемдік ЭКСПО көрмесін өткізу



шараларының бәрі – Қазақстан мен дүние жүзі мемлекеттері арасындағы өзара достық пен сенімге негізделген байланысты, экономикалық ынтымақтастықты нығайту үшін жасалды. Өмірдің өзі, дәл бүгінгі қалыптасқан жағдай біз ұстанған бірігу мен бірлесуге негізделген саясаттың бірден-бір дұрыс жол екендігіне көзімізді жеткізіп отыр.

Жаһан жұртшылығын әбгерге салған пандемия бүкіл әлемде жаңа экономикалық дағдарыс туғызды. Алып кәсіпорындардың жұмысы тоқтады, көлік атуалының қозғалысы шектелді. Мұнайдың бағасы құлдырады. Ел мен ел арасындағы шекаралар жабылып, алыс-беріс тыйылды. Мұның бәрі бұрын-соңды болмаған аса ауқымды рецессияға әкеліп соқтырып, жұмыссыздықты көбейтіп отыр.

Біздің Отанымыз Қазақстан – қазба байлықтарға, оның ішінде мұнайға бай ел. Мен «Бізге мұнай мен газ бар екен деп үнемі соған тәуелді болған дұрыс емес» деп талай мәрте айтқанмын. Сондықтан егемендік жылдары біз ел экономикасын әртарапандырумен болдық. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін «Қазақстан-2050» стратегиясын жасап, «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму» бағдарламасы аясында 1000-нан астам жаңа кәсіпорын аштық. Соның арқасында әлемдік бәсекеге қабілетті өнімдер шығарылып, елімізге жаңа технологиялар келді. Бұл еліміздің үшінші технологиялық жаңғыруына жол ашты.

Ел аумағында бұрын-соңды болмаған теміржол, автокөлік жолдары салынды.

Жүйелі жүргізілген реформалар нәтижесінде ауыл шаруашылығы да айтарлықтай дамып, Қазақстан өзін ет, сүт және тағы басқа да азық-түлік өнімдерімен емін-еркін қамтамасыз етіп қана қоймай, әлемдегі астық экспорттаушы алғашқы алты мемлекеттің қатарына қосылды.

Болашақ үшін, алда күтіп тұрған осындай алмағайып замандар сынағын еркін еңсеру үшін көп қаржы-қаражат салып, зор жауапкершілікпен атқарылған бұл реформалардың дұрыс болғанын өмірдің өзі дәлелдеді.

Біздің Ата заңымыздың бірінші бабында «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі» деп нақты жазылған. Сондықтан елімізде денсаулық сақтау саласын дамытуға айрықша көңіл бөлінді. «Саламатты Қазақстан» бағдарламасын қабылдап, барлық өңірде бұрын болмаған жүздеген заманауи аурухана мен емхана салдық.

►►2-бетіме

## 42500 теңге: КӨМЕК АЛУ ОҢТАЙЛАНДЫРЫЛАДЫ

Қазір әлеуметтік желіде әлеуметті толғандыратын тақырыптардың бірі – 42 500 теңгенің «жыры». Біреу қалай аламын десе, біреулер қашан аламын деп әуре болып жүр. Оны кімдер алады, алу жолдары қандай? Осы және өзге де мәселе төңірегінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов Орталық коммуникациялар қызметінде өткен онлайн-баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

Жиын барысында министр соңғы үш күнде 42 500 теңгені алу үшін 1,2 млн өтініш түскенін айтты.

–Мемлекеттік сақтандыру қорынан төленетін 42 500 теңге – ресми және бейресми жұмыс істеп жүрген, бірақ төтенше жағдайға байланысты табысынан айырылған адамдар үшін қарастырылған төлем. Бұл – көмектің бір түрі ғана. Зейнетақы, жәрдемақы уақытылы төленуде. Ай сайын 300 млрд теңгеге дейін төленуде. Бұл индекстеледі. Кәсіпкер азаматтарға Үкімет тарапынан салық, несие, коммуналдық шығындарды төлеу мерзімін кейінге шегеруге қатысты көптеген жеңілдік қарастырылып жатыр.

►►2-бетіме



## ТӘРТІПКЕ БАҒЫНБАҒАНДАР

әкімшілік жазаға тартылады

Жезқазған екі оттың ортасында. Неге десеніз, күн сайын коронавирусқа шалдыққандардың саны еселеп артқан Қарағанды мен Қызылорда облысына қарасты қауіпті аймақтар екі аттасқан жанымызда. Сондықтан, қазір бейқамдыққа берілетін кез емес. Дей тұрғанмен, жезқазғандықтардың біразі әлі де барша елді уысында ұстап отырған COVID-19 инфекциясы бізге жетпейді деген ойда сыйнайы. Бұл сөзімізді Жезқазған қаласының полиция басқармасынан алған мәліметтер растайды.

– Тұрғындар карантиннің талаптарын орындауға асықпайтынын несіне жасырайық. Бір күннің өзінде 370 азаматқа ескерту жасалды. Оның ішінде жүргізуші де, жаяу жүргінші де бар. Оқшауланудың орнына қала көшелерінде алаңсыз, ешбір шаруасыз жүргендердің басым көпшілігі жастар. Нақтылайтын болсам, 7 сәуірде 200-ге жуық жас анықталды. Олардың бәрін ескерту жасалды. Келесіде аталған азаматтар жұмысқа, дәріхана, емхана мен азық-түлікке шықпаған болса, әкімшілік жазаға тартылады. Яғни бес тәулік уақытқа камаққа алынып немесе 10 АЕК көлемінде айыппұл төлеуге міндеттеледі, – деген жергілікті полиция қызметінің басшысы Аманжол Кәрімов жезқазғандық 150 тәртіп сақшысы күшейтілген жұмыс режиміне көшкенін мәлімдеді.

Тәулік бойы халықтың қауіпсіздігін ойлаған полиция қызметкерлері қалаға кіреберіс үш жолда орнатылған блок-бекеттерде тынымсыз еңбек етумен қатар көшелерде рейд жасап, жергілікті БАҚ пен әлеуметтік желілерді пайдаланып, ақпараттық-насихаттау жұмыстарын жүргізіп отыр. Ондағы мақсат – қауіпті індетті Жезқазғанға кіргізбеу.

– Қарағанды бағытындағы жолда 4 қызметкер, Қызылорда-Жезқазған тас жолы бойында орналасқан екі блок-бекетке 14 тәртіп сақшысы жұмылдырылған. Бүгінгі таңда Жезқазғанға келетін көліктердің саны азайды. Наурыз айының соңында күніне 500-ден аса көлік кірсе, қазір 23-35 машина ғана. Келушілер денсаулық сақтау

қызметкерлерінің жіті бақылауынан өткен соң, полиция қызметкерлері оларды арнайы базаға тіркейді. Қарағанды облысында 7 сәуірден бастап жарияланған карантинге байланысты енді Жезқазған қаласына кіруге шектеу қойылады. Қалаға бас санитариялық дәрігердің қаулысында көрсетілген тәртіп сақшыларының, коммуналдық қызметтердің, инкассаторлар мен азық-түлік жеткізуші жүк көліктері еш келергісіз кіре алады. Бұл талап тұрғылықты мекенжайы Жезқазғандағыларға да жарайды. Мысты өлкеге дәрігердің қаралуына келушілер мен базарға ауыл өнімін әкелушілердің арнайы рұқсат қағазы болуы шарт. Ал, қыдырып, туысының амандығын білгелі келген азаматтар қалаға кіргізілмейді, – деп түсіндірген Аманжол Бақытжанұлы қаладағы шағын және орта бизнес иелерінің карантин талаптарын орындауы қатаң бақылауда екенін айтты.

Алғашқыда талапқа бағынғысы жоқ кәсіпкерлер көп болған. Олар сауда орындарында антисептик құралдарын орнатпай, кіреберіске дезинфекциялық құралдармен суландырылған кілемше қоюдан және сатушыларына маска мен қолғап кигізуден бас тартқан. Нәтижесінде заңды белден басқан 40 кәсіпкер соттың алдына барған. Олардың жетеуі әкімшілік камаққа алынса, қалғандары 26 мың теңге көлемінде айыппұл төлеп құтылған.

–Тәртіп сақшылары қызметтік планшetterмен қаруланған. Онда арнайы «Блок-бекет – жаяу жүргінші» деген қосымша бар. Кошеде беймезгіл, шаруасыз



жүрген тұрғындардың мәліметтері осы қосымшаға енгізіледі. Осылайша, біз тұрғындардың жүру маршрутын біліп отырамыз. Мысалы, күні кеше ғана 6-шағын ауданда тұратын азаматтың еш себепсіз 9 орамда жүргені анықталды. Бұл тұрғынды полиция қызметкері тоқтата қалса, «дәріханаға немесе дүкенге бара жатырмын» деп сылтау айта салуға болмайтынын көрсетеді. Карантин кезінде жұмысы тоқтамаған қызметкерлердің қолында басыпсының қолы мен кәсіпорының мөрі бар рұқсат қағазы болуы керек. Сонда олар жұмыс орнына кедергісіз жетеді, – деп сөзін қорытындылады Аманжол Кәрімов.

Ол қала тұрғындарын өзінің және жақындарының қауіпсіздігі үшін үйде болуға шақырды. Расында, дәрігерлер мен полиция қызметкерлері басын бәйгеге тігіп, біздің саулығымыз үшін тәулігіне 24 сағат күзетте тұрған осынау қиын кезеңде әр тұрғыннан сұралатыны – жауапкершілік қана.

Диана ОРАЗАЛИНА



1150 жыл  
Өмірбаяны

Осы күнге дейін философия деген ұғымды мейлінше қолданып келдік. Ойлау мәдениетінің басқаша сапалық түрі болады дегенге мән бермедік. Білім, ғылым саласы елімізде тек батыс өркениетінің негізінде қалыптасқандықтан, ойлау жүйеміз де философиялық ұғыммен

Энгельс, әсіресе Владимир Ленин болатын. Материализм деген Беркли заманында (1685-1753) қолданысқа енген ұғым.

Ленин тап күресін философия тарихынан іздеген. Сөйтіп философиядағы партиялық деген далбаса түсінік енгізілген. Ол философия екі мың жыл бұрын да партиялық болған, яғни Платон бағыты (идеалистер), Демокрит

## ПӘЛСАПА – БЕКЗАТ САНА

шектелді. Философия негізінен Батыс Еуропада өріс алған ойлаудың түрі. Философия туралы аңыз, әңгімелер көп. Соның бірі философия деген ойлау тәсілін грек Пифагорға қатысты айтады. Әлдебіреулер Пифагордан кімсің деп сұраған болуы керек. Сонда Пифагор сәл ойланп: «Мен философия» депті. Ол не деген сұраққа, былайша жауап берген көрінеді:

–Мен данышпан емеспін, бірақ даналықты сүйетін адаммын, – депті. Онысы грекше «филео» – сүйемін, «софия» – даналық деген сөздерден құралған ұғым болып шықты. Тағы да сол философия туралы аңыз айтушылар Пифагор заманынан (570-490) бергіде ойлаудың біршама түрін философия деп атауды дәстүрге енгізсе керек. Біз күні бүгінге дейін философия пәнін осылай түсіндіреміз. Ол замандарда ойлаудың өзге түрлері де болған. Олардың негізгілері: скептицизм, агностицизм, софистика, гностицизм, стоицизм, мета-физика. Бергін келе, схоластика деген мектеп қалыптасты. Әл-Кинди, әл-Фараби заманында пәлсапа деген бекзат сана қалыптасты.

Философия туралы дәріс оқығанымызда философияда екі үлкен бағыт болды делдік. Олар материализм және идеализм. Онымыз түбірімен қате екен. Мұндай қателесуді негіз деп, ілімге айналдырған Карл Маркс, Фридрих

бағыты (материалистер) деп көп-көрнеу қате тұжырым жасаған. Сол қателіктің басында Фридрих Энгельс тұрғаны тарихи шындық. Ол философияның негізгі мәселесі ойлаудың болмысына, рухтың табиғатқа, материяның санаға қатысы деген. Бұл ғылымға жат тұжырым. Алайда, осы қате, түсініктерді біз маркстік, лениндік философия пәнін оқытуда жүйелі түрде қолданып келдік. Философияның негізгі мәселесін қарастырағанда Жаратушы және жаратылыс деген ұғымдар сырғ қалды. Әл-Кинди жаратылысқа қатысты бес мәселені талқылаған, олар: материя, форма, қозғалыс, мекен және уақыт. Осы ұғымдар арқылы өзгеріс және мәңгілік туралы Х ғасырда терең ойлар айтылған, кітаптар жазылған, шәкірттер оқытылған. Өзгеріс мәні – мәңгілік қозғалыста. Мәңгілік дегеніміз – өзгеріс, бірақ осы мәселелерді талқылағанда, әл-Фарабидің, Ибн Синаның, Ибн Рушдтың мықты оппоненті болды. Ол – Имам Ғазали. Бұл ойшыл кеністік пен уақыт туралы мәселені түбірімен өзгеше қойды. Ол әлемнің шексіздігі және уақыттың шексіздігі деген мәселеде өзгеше тоқтамға келді. Имам Ғазалидің айтуынша, шексіз Алла тағала. Шексіздік Алла тағалаға тән. Жалғыздық Алла тағалаға тән. Шексіз әлемді жаратушы Алла тағала кеністік жаратылған жаратылысқа қолданылатын өлшем.

►►4-бетіме

### Маңызды:

(ДӘРІХАНАЛАР, ДҮКЕНДЕР, МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕР)

- үй-жайлардың ішінде 20 шаршы метрге 1 адамнан аспауы тиіс
- үйлердің жанында орналасқан азық - түлік дүкендеріне және дәріханаларға бір мезгілде 2 адамнан артық келушілер кірмеуі тиіс
- кезекте – үй-жайдың ішінде және сыртында 5 адамға дейін ғана тұруға рұқсат етілген

БАРЛЫҚ СҰРАҚТАРМЕН ТҰҒЫНДАР SENIM 109 ҚЫЗМЕТІНЕ ЖҮГІНЕ АЛАДЫ

# БІРЛЕСЕ БІЛГЕН ЕЛ БӘРІН ЖЕНЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Елордада әлемдік деңгейдегі ең озық техникалармен жаракталған аса ірі ғылыми-медициналық орталықтар ашып, оның мамандарын әлемнің ең дамыған елдерінде тәжірибеден өткіздік және «Болашақ» бағдарламасы аясында оқыттық. Осылай алдын ала қамданудың нәтижесінде ұлт денсаулығына қатер төндірген бүгінгідей қиыншылық заманда жұкпалы дерттің дәл диагностикасын жасау, оның алдын алу, науқасты емдеу сияқты тиісті шараларды біздің дәрігерлеріміз жоғары кәсіби деңгейде атқаруда.

Өрне қалыптасып отырған жағдай оңай емес. Бұл – бүкіл әлем мемлекеттеріне түскен зор ауырпашылық. Біз оны осындай сын сағатта септігін тигізетін халқымыздың төзімділігі, ерік-жігері және өзіне деген зор сенімі арқасында міндетті түрде жеңіп шығамыз. Ол үшін бізге қажетті нәрсе – қаржы-қаражат, материалдық ресурс, техника, азық-түлік – бәрі бар. Алаңдайтын, абыржытын еш негіз жоқ.

Әдетте жұрт көңілі алаң осындай кезде ел ішіне үрей таратып, байбалам салушылар өз мүддесіне пайдалануға тырысады. Мен халықты әртүрлі сондай азырынды, арзан әңгімелерге еруден сақ болуға шақырамын. Шынымен көптің қамын көздейтін адам айғайшыл күшімен емес, игілікті ісімен қызмет еткені дұрыс. Ғайбат пен байбалам орнына ғылым-біліммен шұғылданған абзал.

Бүгінгі күрес даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының: «Тәртігіңіз – ел болмайды, тәртігіңіз бас нген ел құл болмайды» деген қанатты сөзін еске салады және соны бекем ұстануды талап етеді. Өздеріңіз білесіздер, бұл пандемияны көршіміз Қытай елі ұйымшылдығы мен темірдей берік тәртібінің арқасында ауыздықтай алды.

Қазіргі Қазақстанды Кеңес Одағы ыдыраған өткен ғасырдың 90-жылдарындағы Қазақстанмен салыстыруға болмайды. Бізде осындай қиындық туғанда ешкімге алақан жаймау үшін, ұрпақ қамы, ел болашағы үшін жинақталған Ұлттық қор мен алтын-валюта қорында 90 миллиард АҚШ доллары бар. Ретімен, үнемді пайдаланар болсақ, ол бүгін бақымызға түскен тағдыр мен тарих санынан еңсемізді тік ұстап отуімізге мол мүмкіндік береді.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа арнаған таяудағы үндеуінде барлық әлеуметтік топтарға, кәсіпкерлерге, ауыл шаруашылығы саласына көрсетілетін алуан түрлі көмек туралы жан-жақты мағлұмат берді. Егер Қазақстанның ұлттық экономикадағы қол жеткізген табыстары мен жоғарыда аталған қор құрылмаса, мұның бірі де болмас еді. Кезінде соның бәрін таратып берейік дегендер де болған, бірақ өмір біз қабылдаған шешімнің дұрыс болғанын көрсетті.

Енді Үкімет пен жергілікті атқарушы органдары соны үнемді түрде, рет-ретімен орындауға кірісуі керек. Әр министр, әрбір облыс, қала және аудан басшылары жүйемен, тәртіппен, үйлесіммен, нақты жоспармен, нық сеніммен әрекет етіп, уақытша қиындықтан шығуға барлық күш-қуатты жұмылдыруы қажет. «Nur Otan» партиясының мүшелері де осы бір сауапты істің алдығы қатарынан табулы тиіс.

Еліміздің ең үлкен байлығы – адам мен оның өмірі болғандықтан, әрбір адам өзінің, отбасының, ата-анасы мен бала-шағасының өміріне, денсаулығына зор жауапкершілікпен, ерекше жауапкершілікпен қарауы керек. Өйткені ұлт денсаулығы – мемлекет қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі.

Дәл осы тұста бәрімізге халқымыздың әрдайым үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор болатын абзал қасиеттері септігін тигізеді деп сенемін.

Адамның өзіне деген сенімі – үлкен күш. Бұл бойымызға – қажыр, денемізге – қуат, жүрегімізге сенім ұялатады. Біз қазір көмекке аса мұқтаж қарияларды, ардагерлерімізді, көпбалалы аналарды, әл-ауқаты төмендерді, жұмысқа жарамсыз жандарды ерекше қамқорлыққа алуымыз керек.

Халқымыздың бойындағы ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жеткен ең ізгі қасиеттер бізді осыған үндейді.

Дәл қазір бүкіл адамзат жолайықта тұр. Әлемдік геосаясатты, экономиканы, экологияны, қоғам өмірінің сан алуан саласын қамтып, тізбектеле келген, бұрын-соңды болмаған проблемалар әлем мемлекеттерінің қарым-қатынасын да өзгерте бастады. Үнді халқының ұлы гуманисті қайраткері Махатма Ганди: «Әлемді өзгерту үшін әуелі өзіміз өзгеруіміз керек», деген екен. Кеше ғана бір-бірін аяқтан шалып, жағадан алып,



«санкциялық соғыстарға» жол ашқан мемлекеттер енді өзара көмек қолын созысуда. Бұл – жаһандық деңгейдегі үлкен өзгерістердің бастауы.

Әлем тарихында ондаған жылға, тіпті жүз жылдан да астам уақытқа созылған талай соғыстар, шиеленісті жағдайлар мен кикілжіңдер орын алған. Миллиондаған адамды баудай түсірген індеттер де аз болмаған. Адамзат соның бәрін жеңген. Жан алқымнан алып тұрған бұл шығаланнан да шығамыз. Әлемнің ең алпауыт мемлекеттері осы қиындықтан сабақ алуы керек.

Кезінде Әйтеке би бабамыз: «Ел мұраты – көрешек, ер мұраты – келешек. Осыларды ойлаған – қоймас түбі сүйінбей», деген екен. Қандай керемет айтылған сөз! Дәл қазір бізге бүкіл адамзат өркенінің сүріндіретін емес, барша әлем халқы сүйіндіретін жанышыл саясат керек.

Кез келген қиындық адамды тығырықтан шығуға, өзгеше ойлауға, қалып-тасқан жұмыс тәсілдерін жетілдіруге бастайды. Ал бұл ғылым мен технологияны дамытуға, серек өмір салтын қалыптастыруға алып келеді. Бүгінде еңбекті ұйымдастырудың креативті әдістері, тіпті жана кәсіп түрлері шыға бастады. Қазір адамдар біртіндеп қағазбастылықтан арылып, қашықтан жұмыс істеу режиміне көшті. Осының бәрі бір кезде алдын ала жоспарланып, кенінен ойластырылған шаралардың арқасында ғана мүмкін болып отыр.

Рухы мықты, өзіне сенімді адамды қиындықтар шынықтырады. Сондықтан біз бойкүйездіктен, сарыуайымнан, енжарлықтан арылып, тығырықтан шығудың жолын іздеген бүкіл әлем халқымен бірге шырға, шындала түсуіміз керек.

«Бірлік жоқ жерде тірлік жоқ», деген екен әйгілі данышпан Төле би. Береке-бірліктің алмайтын қамалы, бағындырмайтын биігі болмайды. Біз үшін ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап күткен, 30 жылға жуық уақыт бұрын қолымыз жеткен азаттықты мәңгі баянды етуден асқан мұрат жоқ. Қазақстан – халқымыз тату-тәтті және келісімде өмір сүріп жатқан ортақ шаңы-рағамымыз. Алуандығымыз – бәсекелі және жаһандық әлемдегі біздің баға жетпес байлығымыз бен артықшылығымыз. Тәуелсіздік жылдары қол жеткізген барлық табысымыздың қайнары – ең алдымен халқымыздың береке-бірлігі. Алла тағала бізді осы бірлігімізден де, тірлігімізден де айырмасын.

Мен сөзімді алдымен аға ұрпақ пен зиялы қауым өкілдеріне арнайымын: халықты ынтымаққа шақырып, жақсылыққа, ізгі амалдар жасауға, саламатты өмір салтын ұстануға үндедіздер. «Ырыс алды – ынтымақ» екенін ұмытпаңыздар. Жастарды еңбекке, білім алуға, қатарының алды болуға тәрбиелендіздер. Ұрпақ алдындағы жауапкершілік бізді осыған міндеттейді.

Жана өскін – жас ұрпаққа айтармын: тәуелсіздік жылдары дүниеге келген сендер келер жылы орда бұзар отызға толасыздар. Еліміздегі ең қуатты күш – өздеріңіздер. Аға ұрпақ сендер үшін қолдан келгенін бәрін жасады, енді сендердің де күш-қайрат жұмсайтын кездерің келді. Жамандықтан, жат әдеттен сақтанып, игі істер жасауға ұмтылындар. Үлкенге – ізетті, кішіге – қамқор, бір-біріне дос болындар. «Бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесен – істің бәрі бос» деген Абай аталарының өсиетін сақшашан естен шығармаңдар.

Кәсіпкерлерге де арнайы айтармын бар: сіздер тәуелсіздіктің арқасында өз істеріңізді қалыптастырып, аяқтарыңызға нық тұрдыыздар, мол дәулетке кенелдіңіздер. Енді «Мен еліме не беремін?» дейтін кездеріңіз де келді.

Осы орайда, менің өтінішім бойынша ер отандастарына қол ұшын беріп, қаржылай, заттай көмектесіп жатқан кәсіпкер азаматтар баршылық. Осы бір жарасымды үрдіс, игі іс одан әрі жалғасын табады деп сенемін.

Ұрпақ пен дәстүр сабақтастығы болған жерде ғана игілік пен ізгілік қатар өркен жаяды. Осы қасиетті қағида әрбір қазақстандықтың жадынан, жүрегінен орын алуы керек.

Маған небір қиын-қыстау күндерде ешқашан намысын бермеген, қашан да бірлігі бекем, пейілі кен, құшағы ашық, бауырмал халыққа басылық ету бақыты бұйырды. Сондықтан қазіргідей алабұртпа көңіл жағдайында дана да дархан халқыма – баршаңызға зор ризашылыққа толы осы сөздерімді жолдадым.

Біз тәуелсіздік жылдары сан алуан қиындық пен дағдарысты бастан өткердік. Соның бәрінде мен анық жағдайды, түйткілді проблемаларды ашық түрде алдарыңызға жайып салып отырдым. Сіздер маған үнемі сенім арттыңыздар, мен туған халқымың сол сенімнен ұдайы күш-қуат алдым. Сол үшін сіздерге тағы мың да бір алғысымды білдіремін.

Ұлт денсаулығы мен мемлекет қауіпсіздігі – бір-бірімен етене, егіз ұғымдар. Мемлекет бұл қиындықтан шығу үшін қолдан келгенін бәрін жасайды және тиісті шараның барлығын атқарады. Бірде-бір адам, еліміздің ешбір азаматы қамқорлықсыз қалмайды.

Біз – біртұтас ел, бірлігі берік жұртпыз. Мен әрқашан халқымымен бірге болғанмын, бұл жолы да сіздермен біргемін.

Біз біргеміз. Қиындыққа қайыспай, бәлемізді бекем буып, береке-бірлігімізден айрылмайық. Сонда ғана біз кәсіпкер тәуелсіздігімізді сақтап, Қазақстанды Мәңгілік ел болуға лайықты ете аламыз.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы

## 42500 теңге: КӨМЕК АЛУ ОҢТАЙЛАНДЫРЫЛАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Аз қамтылған, көп балалы отбасылар, мүгедек жандар жасына, санатына қарамастан, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-аналар, ресми жұмыссыз ретінде тіркелген адамдарға бюджеттің есебінен, «Biz bigemizi» қорының есебінен және еліміздегі патриот азаматтардың атынан азық-түлік топтамалары және ақшалай көмек көрсетіліп жатыр. Жұмыссыз қалған азаматтарға осы сақтандыру қорынан бөлек жұмысынан айырылған жағдайда берілетін төлем бар. Мемлекеттік сақтандыру қорынан төленетін төлемге өтініш қабылдайтын egov.kz және 42500.enbek.kz порталы жұмыс істеп тұр. Соңғы үш күнде 42500.enbek.kz порталына 1 284 000 өтініш келіп түсті. Қазіргі уақытта электронды қолтаңба қолдану қажеттігі жоқ.

Оны SMS арқылы келетін парольмен растауға болады. Телеграм-бот бүгін іске қосылды. Оның кешіккен себебі – алаяқ адамдар фейк телеграм-боттарды жариялап, халықты жаңылыстырды, – деді Б.Нұрымбетов.

Сонымен қатар министр бейресми жұмыс істеп келгендер 42 500 теңгені қалай алатынын түсіндірді.

– 42 500 теңге ресми, бейресми жұмыс істеп жүрген, бірақ төтенше жағдай салдарынан табысынан айырылған азаматтарға қарастырылған. Олар – жалдамалы қызметкерлер, шағын және орта бизнестің жұмыскерлері. Егер жалдамалы қызметкерлер мәжбүрлі түрде, ақысыз төленбейтін еңбек демалысына жіберілсе немесе жұмыстан шығып қалса, аталған төлемді алуына болады. Қашықтан жұмыс істейтін адамдар бұл төлемді ала алмайды. Жалдамалы қызметшілер қатарына коммерциялық емес ұйымдардың да жұмысшылары кіреді. Олар ақысыз демалысқа жіберілген болса, аталған төлемді ала алады. Мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік ұйымдарға бұл төлем берілмейді. Әлеуметтік төлем берілетін келесі топ – өз бетімен жұмыс істеп жүрген жеке тұлғалар. Олардың арасында ресми және бейресми жұмыспен айналысып жүргендер бар. Ресми жұмыс істеп жүргендер – жеке кәсіпкерлер, адвокат, нотариус, сот орындаушысы мен медиатор, фрилансер сияқты жеке практикамен айналысып жүргендер. Олар төтенше жағдайға дейін тиісті әлеуметтік жарна аударған болса, өтініш беруіне болады. Олардың қатарына төтенше жағдайға дейін бірыңғай жинақтық төлемді аударған адамдар да жатады. Бейресми жұмыс істеп жүргендер – ешқашан еңбек шартын жасамаған, салық төлемеген, әлеуметтік төлем төлемеген, тіпті бірыңғай жинақтық төлемді де төлемеген адамдар. Мемлекет басыпсы осындай адамдарға да 42 500 теңге төлену керек екенін, бірақ бұл үшін алдымен бір рет мәртебесін ресімдеу керек екенін айтты. Мәртебені бір рет ресімдеу деген – бірыңғай жинақтық төлемді төлеу. Оны бір рет төлесіздер, 42 500 теңгені ай сайын аласыздар. Бейресми жұмыс істеп жүргендер БЖТ-ны төлегеннен кейін келесі күні аталған портал арқылы өтініш бере алады. Бірыңғай жинақтық төлем төлей салсам, ресми жұмыс істемей жүрген адам ретінде 42 500 теңге бере салатын шығар деп ойлайтын азаматтарға айтармын: егер сіз қазір жұмыс істеп жүрсеңіз немесе жеке кәсіпкер болсаңыз, басқа әлеуметтік төлемдер алып жүрсеңіз, 42 500 теңге

аламын деген ойыңыз дұрыс емес. Декреттегі әйелдерге аталған төлем беріле ме деген сұраққа жауап беріп өтсем, оларға бала күтімі үшін бала бір жасқа толғанша мемлекет тарапынан жәрдемақы төленеді. Бір жыл асқаннан кейін олар жұмысқа шығар еді, бірақ төтенше жағдайға байланысты ешкімді жұмысқа алмайды. Сондықтан декретте отырған аналар бір жыл өткеннен кейін бірыңғай жинақтық төлемді төлеп, 42 500 теңгені үміттенуіне болады, – деді ол.

Б.Нұрымбетов 1 млн теңгеден астам табысы бар азаматтар да 42500 теңге алу үшін өтініш бергенін тілге тиек етті.

– Бүгінгі таңда 938 мың адамнан 1 284 000 өтініш түсіп отырғанын айттық. Демек, бір адам бірнеше рет өтініш беріп отыр. Мүмкін қателесіп, жаңылысып жіберген боларсыздар. Бірақ «2-3 рет өтініш берсем, 42 500 теңгені 2-3 рет алам» деп ойласаңыз – қателесесіз. Ақпараттық жүйе оның бәрін тексеріп, реттеп алады. Өтініш берген кезде порталдың астыңғы жағында «Мен жұмыс істеп жүріп, төтенше жағдайға қатысты табысымнан айырылғанымды растаймын және өзіме жауапкершілікті аламын» деген сөз бар. Сіз ол жолдарды оқыдыңыз, ол біз сізге сендік дегенді білдіреді. Мұны не үшін айтып отырмыз? Бұл төлемді соған мұқтаж адамдар ала деген ниетіміз бар. Жұма, сенбі күндері алғашқы 412 мың адамнан өтініш қабылдаған кезде біз тексеріс жасап көрдік. 1873 адам өтініш берген, бірақ ақпараттық жүйе арқылы тексеріп едік, олар қантар, ақпан, наурыз айларында орта есеппен 500 мың – 1 млн теңгеден астам табыс алған азаматтар екені анықталды. Бұл – дұрыс емес, сіздерге 42 500 теңге төленбейді. Айта кететін тағы бір жайт, 42 500 теңге алу үшін жеке кәсіпкерлік ашып қойған, жұмысы бар азаматтар да бар. Олар қазір жұмыс істеп жатыр және жалақысын да алып жүр. Бірақ жеке кәсіпкерлік арқылы аталған төлемді алғысы келеді. Бұлай ету – дұрыс емес. Олардың жалақы алып жатқаны туралы мәлімет біздің ақпараттық жүйеде бар. Ондай өтініштер қабылданбайды және мұндай әрекетке бармағандарыңыз дұрыс, – деді министр.

Сонымен қатар ол өтініш бергендердің ішінде өмірінде ешқашан банкте есепшот ашпаған адамдар барын алға тартты. Иә, өтініш толтырған кезде есепшотты көрсетуі керек, бірақ өтініш жіберіп үлгермей қалмас үшін есепшот ашу мақсатында банктерге жүгінген жұртты көрдік.

– Осыған байланысты 1-2 күнде мынадай өзгеріс енгіземіз: өтініш берген кезде банкте шотыңыз болмаса, шотты көрсететін жерге ештеңе көрсетпейсіз. Талапқа сай болған жағдайда сізге 42 500 теңге тағайындап, сіз есепшот ашқанша 1 ай күтеміз. Есепшотты ашқаннан кейін сізге төлемді аударамыз. Өтінішіңізді жіберіп қойып, есепшотыңызды асықпай алуға болатын жағдай қарастырып жатырмыз. Бұл 1-2 күнде шешіледі. Барлық банкке айтармыз, осындай қиын кезеңде біз секілді халықтың өтінішін бір терезеден – қашықтан қабылдап, олардың мәліметтерін алып, есепшотын енгізіп, қартқасқаны әзірлеп, үйіне жеткізіп беруге болады. Қазір Қазақстанда да, Халық банкі де осы жұмыспен айналысып жатыр. Басқа банктерді де бізбен бірлесіп, халыққа көмектесу мақсатында осындай әрекет жасауға шақырамын, – деді Б.Нұрымбетов.

«Saryarqa-ақпарат»

## ҰЛТ БОЛЫП ҰЙЫСУҒА ШАҚЫРДЫ

Елбасы мақаласындағы басты басымдық – адам және отбасы. Олардың әл-ауқаты. Бұл – «Nur Otan» партиясының басты ұстанымдары. Партия лидері өзінің елге арнаған мәлімдемесінде Президент Тоқаевтың қабылданған шешімдерін қуаттады. Шынында вирустың таралуын тоқтату үшін жұмсалатын шығындар мен әлеуметтік шығындар көлемін ірі ұлттық жобалармен салыстыруға болады. Бұл – халықтың денсаулығын қорғауға бағытталған маңызды қадам. Әлеуметтік топтарға қамқорлық, отбасына қамқорлық жасау кезек күттірмес мәселе екенін атап көрсетті.

Осы жағдайға байланысты жана мақала жазып, Елбасы халыққа үндеу жолдады. Онда Нұрсұлтан Назарбаев эпидемияға қарсы шаралардың және қазірге қажетті жұмыстың маңыздылығын атап өтіп, қазақстандықтарды бірлік пен келісімге шақырады, сондай-ақ, бизнес өкілдерін Туған елге қиын уақытта қол ұшын беруге үндеді.

Қазақстан халқы күрделі сын-қатерлерге төтеп бере алатынын, елдің ұлттық мүдделерін, егемендігі мен тәуелсіздігін қорғауға қабілетті екенін тағы да дәлелдеді.

«Біз бір халықпыз! Біз біргеміз! Қоғамның бірігуі елдің дамуы үшін қажет», – деді Елбасы өз мақаласында. Қиын-қыстау кезеңде ұлт болып ұйысып, әр қадамды асқан жауапкершілікпен жасау жөніндегі тұжырымдарын партия Төрағасы: «Ұлт денсаулығы және мемлекеттің қауіпсіздігі – ажырамайтын ұғымдар. Мемлекет бар қиындықтарды жеңу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Бірде-бір адам, бірде-бір азамат қолдасуысыз қалмайды», – деп түйіндеді.

Тағдыры талайлы халқымыз көрген ауыр күндер бір бұл емес. Талай зұлматты өткерген еліміз бұл қатерді де артқа тастап, өркеніне көшіне өзіндік жасампаздығымен ілесіп береді. Оған сенім кәміл. Ол күнді жақындату үшін біздің бірлігіміз, тұтастығымыз қажет.

**Бауыржан ШЫҢҒЫСОВ,**  
«Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты

## ЕЛБАСЫ ҮНДЕУІ – ЕЛДІК БАСТАУЫ



Елбасымыздың сарабал саясатының арқасында Тәуелсіз Қазақстан сонау 1990 жылдардағы қиындыққа да ел болып жігер еңсеріп, барлық салада үлкен табыстарға жетті. Қысқа мерзім ішінде кеңестік жүйенің қиындықтарынан дос сүйініп, дұшпан күйінетін байтақ мемлекет, байсалды қоғам қалыптасты. Бүгінгі шалқыған тірлігіміз біріншіден ұлт ретіндегі бірлігіміздің арқасы болса, екіншіден, Тәуелсіздік жылдарындағы қажырлы еңбектің лайықты жемісі деп білемін.

Біздің ел – әлемдік пандемияның алдын алу шараларына алғашқылардың бірі болып кірісті. Сырт елдермен қарым-қатынасқа шектеу қойылып, елдің ішінде де бірқатар сақтық шаралары қолға алынды. Әдетте бізге үлгі етіп көрсететін Еуропа елдері ауыр індеттен абдырап жатқанда біз erte қамдандық. Және ол өз нәтижесін көрсетіп де келеді. Бүгінгі мақаладағы Елбасымыздың: «Ұлт денсаулығы мен мемлекет қауіпсіздігі – бір-бірімен етене, егіз ұғымдар. Мемлекет бұл қиындықтан шығу үшін қолдан келгенін бәрін жасайды және тиісті шараның барлығын атқарады. Бірде-бір адам, еліміздің ешбір азаматы қамқорлықсыз қалмайды», – деген сөздері біздің әрқайсымызға жігер беріп, ертеңге деген сенімді қадамды еселеп арттыруда!

Елбасы мақаласында аға буынға да, егемендік жылдарында дүние есігін ашқан жастарға да үндеу арнап, қиын-қыстау кезеңде елдікке шақырды. Кәсіпкерлерге арнаған сөзінде осы күнге дейін мемлекеттің бизнеске қолайлы жағдай жасап келгенін, енді бизнес өкілдері де мемлекетке, халыққа қарайласуы керекін атап айтты.

«Кәсіпкерлерге де арнайы айтармын бар: сіздер тәуелсіздіктің арқасында өз істеріңізді қалыптастырып, аяқтарыңызға нық тұрдыыздар, мол дәулетке кенелдіңіздер. Енді «Мен еліме не беремін?» дейтін кездеріңіз де келді» деген Елбасы сөзі кәсіпкерлер тарапынан қолдау табатынына сенемін.

Жұмыла көтерген жүк қашан да жеңіл болады. Сондықтан да, осынау аты жаман аурудан басымыз аман, бауырымыз бүгін шығайық!

Бекзат АЛТЫНБЕКОВ,

«Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің мүшесі, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, ҚХА Қарағанды облыстық «Қоғамдық келісім» кеңесінің төрағасы

■ ПРЕЗИДЕНТ ҮНДЕУІ: сенімге – серпін!

# «БІЗ БІРГЕМІЗ!» ДЕГЕН ҰРАН ҚҰР АЙҚАЙ ЕМЕС



Сын сағат Қазақстанның да басына түсті. Мемлекет басшысының тікелей жетекшілігімен қауіпті індетке қарсы тұру шаралары қолға алынды. Жекелеген қалалардың оқшаулануы, бақылаудың күшейтілуі, халықты материалдық-моральдық жағынан қолдау жұмыстарының деру қолға алынуы сияқты маңызды істер жүзеге асып жатқанын білеміз. Барлық жағынан дамыған елдер деп саналатын ірі державалар мен қуатты мемлекеттердің өзі шарасыз күй кешіп жатқан шақта Қазақстан өз мүмкіндігінше барынша тиімді қарекеттерді қолға алды деп санаймыз. 2020 жылдың 31 наурызындағы ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың мәлімдемесінде қолға алынған нақты жұмыстар мен алдағы уақытта жүзеге асырылуы тиіс маңызды жұмыстар айтылды.

Мемлекет басшысының мәлімдемесінен бірден аңғарылатын жайт мынау: мемлекет өз халқының індет зардаптарынан тез айғып кетуіне

Түтқиылдан түре тиген коронавирус індегі дүниежүзі халқының екі аяғын бір етікке тықты. Дүрліктірілді. Дамыған ел, дамушы ел, кедей мемлекет деп таңдап-талғамай, бүкіл адамзат баласына жойқын шабуыл жасаған вирус соғысына қарсы қимылдар жасалып жатыр. Жанталас басталып кетті. Деректерге сүйенсек, бүгінде әлемнің 200-ден астам елін шарпыған дерт миллионнан астам адамды құрсауына іліктіріпті. Оны жұқтырғандар саны күннен-күнге артуда деп дабыл қағылуда.

барлық жағдайды жасайды; мемлекеттік деңгейде қолға алып жатқан шараларға қазақстандықтардың түсіністікпен қарауы қажет және төтенше жағдай талаптарын бір кісідей орындауға ұмтылуы қажет; ел бірлігі керек.

Осы Мәлімдемеден мемлекет тарапынан болатын кешенді көмек шараларын байқадық. Індет жайлаған мұндай күрделі уақытта тіршілік тауқыметіне алдымен ұшырайтындар – зейнеткерлер, әлеуметтік жағынан аз қамтылған топтар, жұмыссыздар немесе жұмысынан айырылып қалған адамдар. Осы орайда айтылған Президенттің: «Инфляцияның артуына байланысты зейнетақы, мемлекеттік жәрдемақы және атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін 10 пайызға индексациялауды тапсырдым. Осыған орай, аталған санаттағы азаматтардың табысын арттыру үшін мемлекет тарапынан 200 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінеді. Табысынан айырылған азаматтарға ең төменгі жалақы мөлшерінде қолдау көрсеттік. Енді, 42 500 теңге көлеміндегі осы көмекті алатын азаматтардың санын кеңейтуді тапсырамын. Соған орай, бұл қолдауға өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен ресми тіркелмей жұмыс істейтіндер де ие болады. Бұл көмек белгіленген тәртіп бойынша шын мәнінде мұқтаж адамдарға ғана беріледі. Жалпы, 3 миллионға жуық азаматымызға қолдау көрсетіледі. Сонымен қатар, тұрмысқа қажетті заттар мен азық-түлікті тегін алатын азаматтардың қатары көбейді. Атап айтқанда, мұндай көмекті мүгедектер және жұмыссыз ретінде тіркелген

азаматтар да иеленеді. Тегін азық-түлік сегіз жүз мыңнан астам адамға беріледі», – деген сөзі мен нақты тапсырмалары жұртшылықты қуантатыны сөзсіз.

Індет шабуылы да аяқталар. Мемлекет өзінің қоржынындағы қазынамен елді тарықтырмай алып шығар. Бұған сенімдіміз. Алайда алдағы күндерде аса қауіпті дерттің зардаптарын жою шаралары шығатыны сөзсіз. Бұл жағдайды да мемлекет жан-жақты ойластырған. Аз уақыттың ішінде пандемия зардабына ұшыраған ел экономикасының маңызды буындарының құрдымға кетіп қалмауы үшін немесе тығырлық тірелген кәсіпорындардың, шаруа қожалықтарының т.б. аяғынан тік тұрып алып, ырғакты жұмысын жалғастырып кетуіне мүмкіндік жасау шараларының қолға алынғанын байқаймыз.

Экономикалық өркендеудегі маңызды буындардың бірі – орта және шағын бизнес. Мына күрделі кезеңде бизнестің осы түріне мейлінше тиімді қолдау көрсету жоспарланғаны бізді қуантады. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы: «Кәсіпкерлерге көмек көрсетуіміз керек. Өйткені, олар – экономикамыздың тірегі», – дейді нақтылап. Президентіміздің: «Шағын және орта бизнес өкілдерін биылғы 1 қазанға дейін еңбекақы төлеу қорынан ұсталатын салықтан басотуды тапсырамын. Мұндай қолдау сауда, көлік қызметі, қонақүй, туризм және басқа да салаларды қамтиды. Ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерге де қолдау көрсетіледі. Атап айтқанда, бюджеттен 70 миллиард теңге бөлінеді. Көктемгі егіс науқаны

үшін «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы арқылы қосымша 100 миллиард теңге бөлуі тапсырамын. Ең алдымен, шағын және орта шаруа қожалықтарына қолдау көрсеткен жөн. Сонымен қатар, Үкіметке жанармайдың нарықтық бағасын он бес пайызға арзандатып, 165 теңгеге дейін төмендету міндеті жүктелді. Осыны қамтамасыз ету үшін 390 мың тонна жанармай жеңілдікпен сатылатын болады», – деуі — ел экономикасының маңызды буындарына деген зор қамқорлық. Президентіміз шегелеп айтқан сегіз тапсырма ел шетіне түре тиген індетке қарсы шаралар мен кейін оның зардаптарын жоюға бағытталған мемлекеттік стратегиялық бағдарлама деп санаймыз.

Індет те соғыс, оқ шығармайтын, бірақ адам баласын қынадай қырып өтетін соғыс. Оған қарсы күрес те қиын болмақ. Бейбіт кезеңде сырқаттана қалған адамның бар ақшасын жинап Германия, Оңтүстік Корея, Қытай сияқты мемлекеттерге барып емделуіне мүмкіндік болған. Дүние бір уыс болған кәзіргі жағдайда ол жағдай жоқ. Жер бетінен жаныңды сақтап қаларлық қуыс таппайтын уақыт болып тұр. Адам баласы коронавирус қырғыннан паналар жер таба алмай дал болуда. Аман біреу: отандық дәрігерлердің ем-домына жүгіну, айтқанды екі етпей орындау, қазақстандықтын қазақстандыққа деген жанашырлығы. «Біз біргеміз!» деген ұран құр айқай емес, біріксек қана тажалдың бетін қайтарамыз.

**Ғазиз ЕШТАНАЕВ,**  
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Әлемді көзге көрінбейтін індет құрсаулап тұр. Бүкіл адамзат осы құрсауды бұзып, қалыпты тіршілікті қамтамасыз ету үшін күрес жүргізуде.

# ҚАЖЕТТІ ҚАДАМ

Әрбір мемлекет өз елінде аурудың одан әрі деңдеп кетпеуі үшін барынша сақтық шараларын қолға алуда. Біздің елімізде Төтенше жағдай жариялануы да сондықтан. Халықтың басым бөлігі мұны түсіністікпен қабылдады. Өкінішке орай, жасырыннып жанын жасап, той-томалақ өткізу фактілері де кездесуде. Бұл бейкамдықтың соңы өкінішті жағдайларға ұрындырып та жатыр. Осы кезеңде анау-мынау «белсенділік» тыйып тастап, жиып қойып, қазақ тілмен айтқанда, билік тарапынан «жат десе, жатып, тұр десе, тұрмаймыз» керек. Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Тәртіпке бағынғаннан құл болып кетпейміз».

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен халықты індеттен қорғау және қиын шақта экономиканы тұралатпау, ең бастысы, жұмыссыз қалуға мәжбүр болған жандарды, қоғамның аз қамтамасыз етілген топтарын қорғау мақсатында қолға алынып жатқан шаралар, қабылданып жатқан шешімдер өте дұрыс. Халық мемлекетке, мемлекет халыққа қарайласатын, жәрдемдесетін барлық мүмкіндіктерді іске қосқаны жөн. Бұл орайда, мемлекетіміздің басшысының кешегі Мәлімдемесінде көптеген шаралар қарастырылғаны көңілден шықты. Мұндағы барлық белгіленген бағыттар, берілген тапсырмалардың мақсаты Қасым-Жомарт Кемелұлының «Біз, мемлекет және қоғам болып барша азаматтарымызға қолдау көрсетеміз, ешкімді қалдырмаймыз. Мұқтаж адамдарға қол ұшын береміз» деген сөзіне келіп тіреледі. Сондықтан да, сынақты сәттегі қажетті қадам халықтың көңіліндегі түйткілі таратып, ертенге деген сенімді нығайта түскеніне еш күмән жоқ.

**Абдолла ДАСТАНОВ,**  
«Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

■ БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

# САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАР – ҚАУІПСІЗДІК ҮШІН

Әлем елдерін дүрліктірген COVID-19 вирусы Қазақстанға жеткеннен бері бізде коронавирусты инфекцияның таралуына тосқауыл қою мен алдын алу мақсатында кешенді шаралар қолға алынды. Осы ретте шағын және орта бизнес иелері де сақтық шараларын күшейтті. Атап айтқанда, жеке кәсіпкерлер Жезқазған қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері **Онал Байғожинаның** қаулысында көрсетілген санитарлық талаптарды орындауға кірісіп кетті.

Бүгінгі таңда қаланың барлық нысандары күшейтілген дезинфекциялық режимде жұмыс жасауда. Сонымен бірге ауданы 2000 шаршы метрден кем азық-түлік емес сауда объектілерінің жұмыс уақыты сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін шектелді. Тіпті, енгізілген төтенше жағдайға байланысты өз қызметін уақытша тоқтатқан кәсіпкерлік нысандары да бар. Қазіргі таңда олардың саны – азық-түлік өнімдері мен дәрілік заттарды сату жөніндегі объектілерді қоспағанда 66. Қоғамдық тамақтану объектілеріне жеткізіп беру қызметін пайдалану ұсынылса, қызмет көрсету саласындағы бизнес субъектілеріне (ломбард, валюта айырбастау, банк пен пошта бөлімшелері) тұмау белгілері бар келушілерді ғимаратқа кіргізебеу, қызметкерлерін дезинфекциялық құралдармен және медициналық маска, қолғаппен қамтамасыз ету сынды міндеттер жүктелген.

Жалпы санитарлық талаптардың орындалысы жаман емес. Бүгінде өз қызметін жалғастырып тұрған ірілі-ұсақты жеке кәсіпкерліктер санитариялық және дезинфекциялық шараларды күшейте отырып, кезекте бес адамнан артық болмауын қамтамасыз етуде. Тұрғын үйлердің айналасында орын тепкен кішігірім азық-түлік дүкендері мен дәріханаларға бір мезетте тек 1 сатып алушы ғана кіре алады. Себебі, талап бойынша 20 шаршы метрге 1 адам деп көрсетілген. Сатып алушылардың арасындағы 2 метр қашықтықты сақтау, персоналдың жұмыс кезінде бір рет қолданылатын маскараларды 3 сағат сайын ауыстыру, көкөністер мен жемістерді қоспағанда, тамақ өнімдерін, оның ішінде нан-тоқаш, кондитерлік өнімдерді буып-

түйілген түрде сату, әрбір 3 сағат сайын арнайы дезинфекциялық құралдармен үстелдерді, орындықтарды, есіктердің, эскалаторлардың тұтқаларын, баспалдақтарды, есіктерді, лифтілер мен едендерді, келушілердің қолымен жанасатын өзге де беттерді зарарсыздандыру жұмыстары жүргізілетінін айтып кетпеске болмас. Объектілерді үнемі желдету, әрбір сатып алушыдан кейін дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып арбаларды, себеттерді өңдеу де маңызға ие болды.

Өз ісін дөңгелете отырып, ел экономикасын дамытуға үлес қосқан шағын және орта бизнес өкілдерін мемлекет тарапынан қолдау шаралары ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жүзеге аса бастағаны белгілі. Кәсіпкерлікті және отандық өндірісті қолдаудың дағдарысқа қарсы шараларын іске асыру мақсатында қазіргі уақытта орталық деңгейде мемлекеттік «Бизнестің жол картасы – 2025» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларының жаңа пакеті бекітілуде. «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлерге берілетін жеңілдетілген несиелердің көлемі 7 млрд.теңгеге дейін артады. Ағымдағы шығындарды жабу үшін бизнестің айналым қаражатын көбейту жоспарлануда. Соңғы мөлшерлеме біріздендіріліп, 6% құрайды. «БЖК – 2025» бағдарламасы бойынша салалық шектеулер алынып, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасындағы басым тауарлар тізімі кеңейтілді. «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнес үшін несиесі 1 млрд.



теңгеге дейін ұлғаяды, ол бойынша 50% көлемінде кепілдік беріледі. Сондай-ақ, шағын және орта бизнес үшін 85%-ға дейінгі кепілдікпен несиесі сомасы 360 млн.теңгеге дейін артады. Жалпы кепілдіктерді беру тетігі жеңілдетілді. Сонымен қатар, «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасын іске асырушы жоғары тұрған бюджет әкімшісі субсидиялау және несиелерді кепілдендіру тетіктері бойынша 1,9 млрд теңге көлемінде қаражат қарастырып отыр. Ағымдағы жылы субсидиялау және кепілдік беруге барлығы 3,5 млрд.теңге жұмсау көзделген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 137 «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 атауы анықталған. Жезқазғанда тек нан өндірілгендіктен, қалған азық-түлік түрлері еліміздің өзге аймақтарынан жеткізіледі. Осы ретте орташа есеппен көлік шығындары 1 кг өнімге 10-15 теңгені және кәсіпкерлердің рентабельділігі 10% құрайды. Осы шығындарды ескерсек, үстемесінің сомасы 1 кг өнімге 30 теңгеге дейін жетеді.

Күн сайын сайын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына мониторинг жүргізетін қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі мамандарының айтуы бойынша жыл басынан бері қарақұмық, қант, жұмыртқа, сиыр еті, картоп және пияз бағасы қымбаттаған. Бұл өндірушілердің көтерме-сатып алу бағасының артуымен түсіндіріледі. Бүгінгі күні қалада бағаның негізсіз өсуі және сауда орындары тарапынан алыпсатарлық іс-әрекеттер жоғғына сендірген жауаптылар Жезқазғанда тұтынушыларға қажетті азық-түлік қоры барын жеткізді. Бүгінгі таңда нарықтық бағадан төмен бағамен 22 тонна картопты жеткізу ұйымдастырылған. Және наурыз айының соңында қалаға 128 тонна қант жеткізілген. Бұл сауда орындарында еркін саудаланып жатқан қанттың қоры жеткілікті екенін дәлелдесе керек.

Ендеше, бірлігіміз бен сабырлығымызды сынаққа алған індет кезінде «аш қаламыз» деп сары уайымға салынбай, дүкен кезіп, азық-түлік іздемей, үйде отыралық. Төтенше жағдай кезінде енгізілген талаптар сіз бен біздің қауымыз үшін екенін ұмытпалық!

**Диана ОРАЗАЛПИНА**



– Карантин қанша уақытқа созылады? Қойылған шектеулерге әлі қанша шыдауымыз керек?

– Ел мен өңірде коронавирустың таралуына байланысты бұл шектеу тұрғындардың қауіпсіздігі үшін енгізілді. Естеріңізге сала кетейік, Қарағанды облысының барлық аумағы бойынша 7 сәуір күні 00.00-ден бастап карантин режимін күшейту бойынша қосымша шаралар енгізілді. Осы уақыттан бастап карантиндік аймаққа кіруге де, одан шығуға да тыйым салынады.

Карантиннің ерекше тәртібі Қарағанды, Абай, Саран, Теміртау және Шахтинск қалаларында, сондай-ақ, Бұқар жырау ауданының алты елді мекенінде: Доскей, Үштөбе, Ботақара, Көкпекті, Ғабиден Мұстафин, Петровка елді-мекендерінде халықтың кәсіпкерлік және өзге де тіршілігінің ерекше жағдайлары қарастырыла отырып.

– Қала ішінде жүруге бола ма? – Жүріп-тұру біршама шектелген. Қаланың басқа аудандарына сіз тек жұмысқа барып, сәйкесінше одан қайта аласыз. Ол үшін жұмыс орнынан басының қолымен және мөрімен куәландырылған анықтама қажет. Сәйкесінше маршрут көрсетілуі тиіс. Сондай-ақ өзімен бірге жеке куәлігі болуы керек.

Карантин кезеңінде рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізімі: Денсаулық сақтау жүйесінің объектілері; Инфрақұрылым, тіршілікті қамтамасыз ету және коммуналдық шаруашылық объектілері;

Көлік және байланыс қызметтері; өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және жер қойнауын пайдалану субъектілері;

бөлшек сауда объектілері; тамақтану (жеткізу режимінде) және құрылыс қызметтері; Екінші деңгейдегі банктардың филиалдары мен бөлімшелері; пошталық, курьерлік және жүк қызметтері; тамақ өнімдерін, дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды, сондай-ақ, бірінші кезекте қажетті тауарларды жеткізу сервистері;

тамақ өнімдерінің, дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдардың қоймасы/дистрибуциясы; қонақ үйлер, қарттар үйлері, балаларға арналған баспаналар, үйсіздерге арналған баспаналар, жануарларға арналған баспаналар;

салттық қызметтер және зират агенттіктері; бұқаралық ақпарат құралдары; волонтерлік ұйымдар;

уақытша сақтау қоймалары; объектілерді күзету бойынша қызмет көрсететін ұйымдар.

– Үйден қай жерге шығуға рұқсат етілген? – Жұмысқа және кері қайтуға. Сондай-ақ, жақын жерде тұратын жерінен 1 500 м радиуста орналасқан дүкенге, дәріханаға баруға рұқсат.

Онлайн-сатып алуды шектеусіз жасауға болады. Тек өзіне ғана емес, туған-туыскандары мен жақындарына да. Курьерлер тапсырыстарды көрсетілген мекен-жайға жеткізеді. Төлем қартамен немесе қолма-қол ақшамен жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандардың ересек адамдарсыз қозғалуына тыйым салынады. 65 жаспан асқан адамдарға далаға шықпау ұсынылады.

– Қоғамдық көлік жүрмейді. Қалай жетуге болады? – Кәсіпорындар өз қызметкерлерін орталықтандырылған жеткізуді ұйымдастыруы тиіс. Бұдан басқа, такси қызметі жұмысын жалғастырады, бірақ шектеу — машинада бір жолаушыдан артық болмауы тиіс. Растайтын құжаттар (жұмыстан анықтама) болған жағдайда жеке көлікпен де жетуге болады.

– Карантин режимін бұзғаны үшін жазаланатын бола ма? – ТЖ режимін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған (ҚР ӘКБтК 476-бабы). Полиция қызметкерлері әкімшілік хаттама жасап, сотқа жібереді. Мүкмін болатын жаза – 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл (26 мың 510 теңге) немесе 15 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алу.

Карантин талаптарын орындауыңызды өтінеміз. Өзіңізді сақтаңыз!

**Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз қызметі**

# САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ!



Қазақ қонақжайлылығымен алдына ел салмаса керек. Сары майын сарғайтып, бір қонақ келер деп, бала, шағаның ауызынан жырып сақтаған

халықпыз. Ал, қонақ шақырудың, оны күтуінің де неше түрлерін айтпаса да болар. Өте жақсы да, әдемі салтымыздың бірі. Дегенмен, қазіргі мына

жаман індеттің етек алып бара жатқан уақытында, Үкіметтің арнайы шектеулерін барша жұртшылық қолдап, оны орындап отыр ма?

Мәселен бәленшенің қырқы, жылы, не болмаса бәленше немерелі болыпты, соған арнап шақырулар тоқтамай отыр. Бұл – немісқайшылық. Болып жатқан жағдайды толық түсінбеушілік деу керек. Бұл жаман індетті дамыған Еуропа елдері де жүгендей алмай отырғанда, біз өте сақ болғанымыз абзал. Құдайы беру, басқа да салттық қонақ шақыру дәстүрімізді кейінге қалдыру керек сияқты. Алла Тағаланың мұсылмандарға артқан бес қана парызы бар, оған қырқына, жылына арнап құдайы беру кірмейді. Бес парызың бірі намаздың өзін, жағдайың келмей қалса, қаза етіп, кейін оқуға болады делінген.

Ал, енді қазіргі уақытта Үкіметтің арнайы шектеу енгізген кезінде барша жұртшылық бір адамдай жұмылып тәртіп сақтап, құдайы беру, қонақ шақыруды кейінге қалдырғанымыз дұрыс болар! Кешіктіріп берген құдайы күнә болмайды, ал егерде шақырған қонақтарының бірі науқас болып, одан бәленбай адам зардап шексе, күннің үлкені сол болады. «Ештен кеш жақсы» деп атам қазақ тегін айтпаған болар!

**Қадыр қажы ҰҢҒЫТБАЕВ,**  
Жезқазған, Сәтбаев қалаларының және Ұлытау өңірі ақсақалдар кеңесінің мүшесі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Шексіздік – Жаратушы. Жаратылыстың шегі бар деген. Ғылым сол жаратылыстың шегіне дейін зерттеуге мүмкіндіктері толық. Шексіздік ғылым объектісі емес. Осы мәселеде пәлсапа өкілдерімен Имам Ғазалидің арасында терең мағыналы пікір-таластар болған. Ол бөлек тақырып.

\*\*\*

Ойлаудың жоғарыда аталған тарихи барша түрлерін бір-ақ жүйеге салып, бәрін философия дедік. Онымыз кате екен. Қателіктің ең басты дінгеі мынада. Философиялық ойлау жүйесінде жаратылыс туралы айтылады, бірақ Жара-тушы туралы сөз жоқ. Философия ойлау жүйесінің түрі ретінде теологиялық ойлау жүйесімен қарама-қайшы. Теология – («теос» – Құдай, «логос») Құдай туралы ілім. Ал пәлсапада мұндай қайшылық жоқ. Әбу Насыр әл-Фараби дінді білім деп қарастырған. Енді салыстырыңыз, Әбу Насыр әл-Фараби дінді білім дейді. Ал Карл Маркс дінді апын, яғни у дейді. Әбу Насыр әл-Фараби Жаратушы таза ой, оны тек таза ой арқылы тануға мүмкіндік ашылады, демек таза ойлау жүйесін жасауымыз қажет деп түйін жасап, пәлсапа деген бекзат сана қалыптастырған. Ағылшын ғалымы, замандасымыз Карен Армстронг пәлсапаның негізін қалаушы түрік Әбу Насыр әл-Фараби дейді. Шын сөз. Ендігі жерде айтармыз, философия пәнін дәріс ретінде оқығанда, неге пәлсапаны ескермедік?! Себебі қайталап айтамын, философия дінді білім, не білімдер жүйесі деп қарастырмай, дінді ғылыми сана қатарына қоспаған. Философияны пәні ретінде оқығанда, біз айтатынымыз, дін дүниетаным, мифтік дүниетаным және ғылыми дүниетаным, ол – диалектикалық материализм дейді.

Біз Кеңес өкіметі жылдары және бүгінге дейін диалектикалық материализмді насихаттайтын философияны пәні ретінде оқытып келеміз. Заман өзгерді, социализм келмесе кетті. Партия көсемдері Маркс, Ленин, Сталин ескерткіштері алынды, олардың есімдерімен аталған көшелер өзгертілді. Бірақ диалектикалық материализмнің ізгері әлі сақталуда.

Тәуелсіз елдің тәуелсіз ойлау жүйесіне реформа керек. Көрші өзбек еліндегі кафедралардың аты «Фалсафа және ұлттық идея» деп өзгертілген. Біздің философия кафедраларының атауы сол баяғы қаз қалпында. Неге дейсіздер ғой, кезінде қарқынды түрде даярланған «базалық білімдер» тек Гегель, Кант, Маркс, Лениндерді оқып, үйренумен болған, соның нәтижесінде саналары сіресіп, ескі ойлау жүйесінде қалыптасқан кадрлар әлі де жоғарғы оқу орындарында қызмет етуде.

\*\*\*

Басылған беттерін, оқулықтарды, ғылыми кітаптарды оқып отырақ, философия деген сөзді оңды, солды мән-мағынасын түсінбей қолдана берушілік аңғарылады. Мысалы, ислам философиясы, араб философиясы дейді. Қалайша араб, ислам философиясы болмақ? Дінге қарсы ілім арқылы қалай біз ислам философиясын таразыламаймыз. Сонымен бірге түркі, қазақ философиясы дейміз. Бұл да орынды айтылған сөздер емес. Қазақ философиясы деу, уақытында айтылған, амалсыз сөз тіркесі. Кезінде біз қазақ философиясы деп айтуға зар болдық. Шынын қуалап келсек, қазақ философиясы жоқ, қазақтан пәлсапасы бар, себебі қазақ халқы ешқашан дінсіз болмаған. Қазақтар дінді білім деп қабылдаған. Үлкендер бата бергенде «Молда бол, қарағым!» дейтін. Сонда олардың айтағы, кәсіби молда емес, білімді бол дегені.

\*\*\*

Биыл елімізде ірі рухани ізденістер жылы болуда. Ол пәлсапаның негізін қалаған Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы және Абайдың туғанына 175 жыл мерейтойлары санамызға сілкініс беретін аса маңызды рухани шаралар деген ойдамын. Бұл мерейтойлар тек іс-шаралар үшін емес, ойға ой қосатын, ақылмызды сабырға түсіретін, парасаттылықты қажет ететін айтулы оқиғалар. Сондықтан дінді білім қатарына қоспаған «философия» деген Батыс Еуропалық ойлау феноменінің орнына Х ғасырдан бастап, өңірімізге әбден сіңісті болған Әбу Насыр әл-Фараби негізін қалаған



## ПӘЛСАПА – БЕКЗАТ САНА

пәлсапа деген бекзат сананы заманымызға сай, аса қажетті мағыналы, мәнді ұғымдарын сұрыптап, реттеп тәуелсіз жастардың түйсік, сезім, саналарына азық етіп берсек, неден ұтылмақпыз?!

Тәуелсіз ел өзінің білім жүйесіндегі, әсіресе гуманитарлық пәндерге қатысты ешқайда жалтақтамай, халқымыздың табиғатына, болмысына сай, білімдер жүйесін қалыптастырып, (өрине әлемдік ғылымдағы жетістіктерді ескере отырып), жана гуманитарлық білімдер жүйесін ретке келтіріп, тың классификаторлар жасауымыз аса қажет. Бұл мәселеде біз айтарлықтай мезгілге кешігіп қалдық, ендігі жерде одан әрі осы қалыпта қалсақ, біз келешек жастардың обалына қалмақпыз. Шөкәрім қажы «жастардың қалмалық обалына» деген еді. Кеңес заманында біз жас болдық, бірақ біздің обалымызға ілгері, үлкендер, дәріс берушілер қалды. Қате оқытып, теріс тәрбиеледі. Тәуелсіз ойды басып, жаныштап отырды. Ендігі жерде мемлекет тәуелсіз болғандықтан, жастардың обалына қалғанымыз қалай болмақ?!

\*\*\*

Пәлсапа бекзат сана, себебі бұл санадан адамзаттың асыл сезімі дін ажыратылмаған – дінсіз ел, дінсіз қоғам болмақ емес. Біз дінсіз қоғамнан тәуелсіз елге ендік. Кеңестер одағы атеистік қоғам болды. Одан әрі де социалистік мемлекеттер социалистік лагерь құрып, дүниежүзінің тең жартысын иемденіп, дінсіз қоғамдар қауымдастығын орнатты. Таң-тамаша қаламын. Менің өмірімде, көз алдымда, дінсіз қоғам кеңестер одағы және социалистік лагерь – шамалы мерзімде. Дінмен ойнауға болмайды екен. Діннің діні бар. Шөкәрім қажы айтады, «нағыз Құдай шын Құдай» деп. Хакім Абай адамзаттың бес дұшпанын анықтап берген. Олар: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ. Өтірік туралы айтсақ, социалистік қоғам нағыз өтірік қоғам болды. Коммунистік ілім – өтіріктің ілімі. Бізге өтірік дәрістер оқыды. Сол кездегі «Правда» деген өтірікті насихаттайтын басылмы еді. Енді шындықтың таңы атты. Сонда, шын дегеніміз не? Өтірік дегеніміз не? Осылардың нендей айырмашылықтары бар екенін анықтау, қазіргі күннің басты мәселесі. Шындық орнына өтірік жайлап алып, билік жүргізуде. Шыншылдардың жағдайы қиын. Міне, осы тұста шынышыл азаматтарды тәрбиелеу мақсатында, олардың ойлау жүйесін тазарту мақсатында бекзат сана – пәлсапаның орны ерекше.

\*\*\*

Ендігі сөз пәлсапаға қатысты араб тілінің қазақ қоғамындағы орны туралы. Қазақ халқы сіре, Құран көршімен ажырамайды және ислам дінін ешқашан мансұқ етпейді деген пікірлемем. Егер қазақ халқы мұсылмандық кеңестікте қалып, Құран көршіміз «Кітаптардың Кітабы» деген пәлсапалық ұғымда болса, мектеп жасындағы жастардың оқу кестесіне

араб тілін енгізуіміз қажет. Неге дейсіз ғой?! Бұл жерде келешек туралы ойлансақ, қазіргі қазақ қауымындағы «орыс тілділер» және «қазақ тілділер» деп бөлінетін жік елдің бірлік, ынтымағына залалын тигізуде. Мұны мойндамасқа болмайды. Осы мәселенің ұшар басында елді билеушілердің наландағынан немесе қорқақтығынан, орыс тілділер және қазақ тілділер болып қоғам екіге бөлінді. Сол заманда осындай жікке бөлінбестің амалдарын кім іздестірді? Кімдер осы мәселенің қазақ қоғамына кесел болатынын ойлады. Иә, ойлағандар болды. Олар бір, екілер еді. Интеллигенция деп аталатын қауым бұл мәселеге міз бақтады. Соның зардаптарын қазір шүгеудіміз. Дәл осындай жағдай отыз, қырық жылдың ішінде «араб тілділер» және «араб тілін білмейтіндер» арасында орынатынына шүбә келтірмеймін. Себебі Құранынан, дінінен айырылмаған қазақ ортақ құндылыққа келгенде қалса жарылады. Дін жағындағы азаматтар, араб тілін білмегендері үшін, өзінің замандастарын айыптауды, себебі бұл кездерде әлемде оның рухани дүниесінде араб тілінің салмағы күннен күнге өсе береді. Бұл да шындық. Араб тіліндегі «дұшпандық» айқын көрініс береді. Осындай жағдай қазақ қауымында орын алмауы үшін, жастарымызды дінишілдердің алдына жығып бермеуіміз үшін, міндетті түрде, мектептерге араб тілін енгізуіміз аса қажет. Орыс тілі, ағылшын тілі өзінің инерцияларына ие болған тілдер. Олар үшін қам жездің қажеті жоқ. Ағылшын тілін білу – қажеттілік, демек оны оқып, үйрену де қажеттілік. Қажеттілік деген өз дегенін жасатпай қоймайды. Ал орыс тілінің инерциясы біразға дейін баралды, содан кейін бірге-бірге өсе бастауы да түсінікті жағдай. Себебі жақсы қазақтар ана тілін, араб тілін, ағылшын тілін тағы басқа бір-екі тілді, мүмкін, орыс, испан қытай тілдерін игеріп алады. Қазір араб тілінің қажеттілігін қоғам, билік қаперлеріне алмауда. Бұл бүгінгі күннің әңгімесі, ертеңгі күні жағдай басқаша болмақ.

Пәлсапа дегенде біз араб тілін бірге атуымыз керек. Осы жағдайларға орай, менің нақты ұсынысым бар, ол қазіргі философия мамандарын даярлаудың орнына Білім және ғылым министрлігі жана классификация енгізуі керек, ол мамандықтың атауы – «ПӘЛСАПА ЖӘНЕ АРАБ ТІЛІ».

Пәлсапа пәнінде қарастыратын мәселелер әл-Фарабиден хакім Абайға дейінгі он ғасырлық мәдени-тарихи тәжірибеде сұрыпталған ұғымдар туралы және қазіргі түсініктерді қоса айтқанда, сіздердің назарларыңызға төмендегідей пәлсапа пәнінің құрылымы ұсынып, кеңестер күтеміз.

1. **Пәлсапаға кіріспе.** Қарастыратын мәселелер: Пәлсапа – зиялы қауым санасы. Сөз. Ой мәдениеті. Ниет. Ойлаудың тарихи түрлері: скептицизм, агностицизм, софистика, гностицизм, стоицизм, схоластика, метафизика, пәлсапа, философия. Логика.

Қысқын. Метафора. Даналық. Дін және даналық. Жаратық (гармония). Шеберлік. Түсінік. Ұғым.

Осы мәселелердің қазіргі замандағы мәнісі.

2. **Жаратушы және жаратылыс.** Қарастыратын мәселелер: Жаратушы. Жаратылыс. Өзгеріс. Мәңгілік. Бұл ұғымдар туралы миф (хаос), аңыздардағы, діни кітаптардағы (Забур, Таурат, Інжіл, Құран) түсінік. Пирамида туралы білім. Әл-Кинди «Бес мән» (материя, форма, қозғалыс, мекен, уақыт). Әл-Фараби «Мәселелер мәні». Білім мен діннің бірлігі.

Осы мәселелердің қазіргі замандағы мәнісі.

3. **Адам, ақыл және сенім.** Қарастыратын мәселелер: Адам туралы ұғым. Ғайып. Қабілет және қасиет. Адам және Адамзат тарихы. Адамзат болмысы: тән жүйесі, жан жүйесі, нәпсі жүйесі, ақыл жүйесі, көңіл жүйесі, рух жүйесі, ар жүйесі, тылсым жүйесі. Кісі. Кісімісіну. Ақыл. Қа-білет. Қасиет. Зейін. Зерде. Парасат. Даналық. Ойшылық. Сенім. Сенімнің түрлері. Шөкәрімнің «Пайғамбар Мұса жолықса» деген өлеңіндегі Мұса, Дәуіт, Заратуштра, Будда, Ғайса, Мұхаммед туралы пікірлері.

Осы мәселелердің қазіргі замандағы мәнісі

4. **Түйсік, сезім, сана.** Қарастыратын мәселелер: Материя. Түйсік. Сезім. Сана. Рух. Әулиелік. Бақылық. Шайтан. Періште т.б. рухани көріністер. Шөкәрім «Үш анығындағы» пәлсапа мәселелері.

Осы мәселелердің қазіргі замандағы мәнісі

5. **Дүние.** Қарастыратын мәселелер: Дүниетаным. Хикмет. Уақыт және Дүние. Уақыт және кеңестік. Уақыт және мәңгілік. Уақыт және ғарыш. Уақыт пен кеңестіктің бірлігі. Жалған дүние. Бақи дүние. Жұмақ. Тамуқ. Ақырзаман. Бак. Бақыт. Құт.

Осы мәселелердің қазіргі замандағы мәнісі.

6. **Қала пәлсапасы.** Қарастыратын мәселелер: Қала туралы ұғым. Қала, мәдени орта. Қала туралы әл-Фарабидің айтқаны. Ибн-Бадждың төрт қала туралы концепциясы: тән қаласы, безендірілген қала, қиял қаласы, ес қаласы. Қала және көмелеттілік. Металогия. Қаланың көмелеттілігіне ынта. Жалғыздық мәселесі.

Осы мәселелердің қазіргі замандағы мәнісі.

7. **Әдебиет пен өнер пәлсапасы.** Қарастыратын мәселелер: Аристотельдің «Поэтика» деген еңбегі. Катарис. Мимесис. Метафора. Араб поэзиясы. Парсы поэзиясы. Гете. Михаил Лермонтов. Лев Толстой. Сервантес «Дон Кихот». «Мың бір түн» хикаялары. Мұхтар Әуезов «Абай жолы». Эпос, дастандар. Мұхаммед Хайдар Ду-лати «Тарих-и Рашиди» еңбегі бойынша суретші Бекзаттың шы-ғармашылығы.

Осы мәселелердің қазіргі замандағы мәнісі

8. **Пәлсапа тарихы.** Қарастыратын мәселелер: Пәлсапаның өкілдері: Әл-Кинди «Таза ағайындар (Ихван ас-сафа)», әл-Фараби, Ибн Сина «Ақыл несі жан туралы», Аттар «Бұлбұл-наме», Әл-Ғазали «Адаудан ары-лдырушы», Ибн Бадж, Ибн Туфейл, Ибн Рушд «Жоққа шығаруды жоққа шығару», Ибн Араби, Қожа Ахмет Иассауи, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари, Сулеймен Бақырғани, Ибн Халдун «Хай Ясқанұлы» туралы роман.

Осы мәселелердің қазіргі замандағы мәнісі.

9. **Философияға және маркстік, лениндік философияға сын.** Қарастыратын мәселелер: Философияның тарихы. Философия – Батыс еуропалық ойлау жүйесі. Философия – атеистік білім жүйесі. Огюст Конт философияның дағдарысы туралы. Позитивизм және прагматизм. Маркстік философияға сын. Философия – пролетариаттың қаруы. Фридрих Энгельстың «Людвиг Фейербах және неміс классикалық философиясының ақыры» деген еңбегі. Неміс классикалық философиясы, Энгельстың пікірі. Философияның ақыры дегенде Энгельстың пікірі.

Кеңес заманында жаңа философия жасау әрекеті. Владимир Лениннің «Марксизмнің үш негізі және үш құрамдас бөлімі» деген мақаласы. Маркстік философияның теориялық негізі неміс классикалық философиясы деген тұжырым және оның советтік идеологияға атқарған қызметі. Даму және диалектикаға сын. Социалистік лагерь елдерінде маркстік-лениндік философияның жаппай оқу үрдісі. Сталиннің «Диалектикалық және тарихи материализм» деген мақаласы. Философияның мазмұнын тереңдету мақсатындағы әрекеттер: лениндік бейнелеу теориясы және диалектика, таным теориясы, логика үшеуін бір сөзбен айту деген тәсіл. Философияны барлық ғылымдардың методологиясы деп жариялау. Лениннің философияның партиялық туралы пікірі. Кеңестік замандағы материализм мен идеализмнің бір-біріне қарсы ілімдер екені туралы негізсіз тұжырымдар. Лениннің «Ди-алектика марксизмнің жаны» деген қағидағы коммунистік партияның негізгі ұстанымы болғаны туралы. Маркстік-лениндік философия компартияның қызметшісі болған – аполлогетика. Маркстік-лениндік философияның дағдарысы. Тәуелсіз, егеменді елде маркстік-лениндік философияның қызмет стүйіні мәнісіздігі.

Осы мәселелердің қазіргі замандағы мәнісі

10. **Қазіргі заман пәлсапасы.** Қарастыратын мәселелер: Қазіргі заман. Тәуелсіздік. Тәуелсіз ойлау. Адасушылық (әлемдік деңгейде). Шынғыс Айтматовтың шығармалары негізінде адам дағдарысы, жөн табу, жол табу, бағыт анықтау, адасушылық.

Ойлау мәдениетін Әбу Насыр әл-Фарабидің пәлсапасынан бастап, XXI ғасырдағы Абайдың хакімдігіне дейінгі мәдени-тарихи кеңестікті, заман уақытын жастарға жүйелі түрде жеткізу және оларды жанаша, инновациялық ойлауға дағдыландыру, соның нәтижесінде жақсы қазақтарды тәрбиелеп өсіру.

Білім мен діннің табиғи бірлігін саралау. Білімсіз дін қауіпті. Дінсіз білім негізсіз. Осы әл-Фарабидің постулатын егеменді елдің ойлау мәдениетінің алтын қазығына айналдыру.

Осы мәселелердің қазіргі замандағы мәнісі.

\*\*\*

Жағдай осылай болса, нәліктен жоғарғы оқу орындарында, философия пәнінің орнына пәлсапаны жүргізбеске. Оған қандай бөгеттер бар? Негізінде тәуелсіз елде бұған ешқандай бөгет болмауы керек еді, бірақ бөгеттер бар. Ол ескіше ойлаушы, Карл Марксті жақтаушы, Батыс Еуропаның классикалық философиясын жақтаушы, дінге қарсы, кеңес заманында ой-саналары қалыптасып қалған кадрлар тобы.

**Р.С. Жаңа кадрлар тобын тәрбиелеп, қалыптастыра отырып, билік тармақтарына дейін өсіріміз қажет. Сол кезде қоғамдағы ескі жүйе де күйреп, Тәуелсіз елдің тәуелсіз ойшылдары қалыптаспақ.**

**Ғарифолла ЕСІМ, академик, жазушы «Egemen Qazaqstan»**

## АҚЫН ІЛІМІ – ӨЗ-ӨЗІНДІ ТАҢУ

**Тәуелсіз ел болдық. Ал дана Абай қазақ руханиятының сахнасында, одан түспек емес. Қайта күннен- күнге Абайға деген рухани сұраныс өсіп келеді. Себебі біз өзіміз өмір сүрген заманды игере алмай жатырмыз. Заманды игеруге рухани күш-қуатымыз жетпей жатыр. Олай болатыны – бір жарым ғасырға жуық созылған отарлық кезеңнің зардаптары.**



175 ЖЫЛ

Отарлық кезең біздің төл дүниетаныммыздың іргесін қиратып, шаңырағын шайқап жіберді. «Заманың түркі болса, тазы боп шалы» деген макалды әркім әртүрлі түсінеді. Көбіне бұл макалды өзін өмір сүрген заманды игеру деп емес, керісінше, заманның ыңғайына көну, ығына жығылу деп түсінетіміз де жасырын емес. Төл дүниетаныммыздың әлсірегені сол – біз заманның ыңғайына жығылғыш, епшіл, бір-ақ рет өмір сүруге бейім адамдарды дайындап жатырмыз.

Абай олар туралы: Ұяламын дегені көңіл үшін, Ұсақ қулық бір ғана өмір үшін. Татымды достық та жоқ, қастық та жоқ, Жігері жоқ, маңызы жеңіл үшін, – дейді. Енді белгілі болды: «бір ғана өмір үшін» – осы көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын өмір үшін ғұмырын сарп ететін адамдар ұсақ қулықтан әріге бара алмайды екен. Тіршіліктері мардымсыз, тән ләззаты мен құлқын құрдымның есеп-қисабы төңірегінде өмір кешетін «жігері жоқ, маңызы жеңілдер» тобы. Бұл халқымыздың рухани денесіне түскен жұрт күртпен көсемсіз көгеріп, ұшаққа шықпастымыз анық.

Бұл мәселе – заман мен адамның қарым-қатынасы, заманды игеру мәселесі – Абай заманында болған, қазір де бар, болашақта да бола бермек. Пәни дүниенің – құм үстіне салынған құбылмалы сарайдың (Шөкәрім) тамырын тап баса білген Абай алдымызға ең басты мәселені – Адам мен Заман мәселесін қояды:

Өркімді заман сүйремеқ,  
Заманды қай жан билемек?  
Заманға жанан күйлемек,  
Замана оны илемек.  
Заманды билеу, заманды игеру – адамның адамшылығының іске асуы, адамшылық қасиеттің жойылып кетпей сақталуы. Бұл элитаның – жақсылардың

ісі. Жаман – көпшілік, тобыр – заманға күйлейді, заманның ыңғайына көніп, айдағанына жүреді. Заман өтеді, олар да заманмен бірге жоғалады, ұмытылады. Ал Жақсы...

«Жақсының аты өлмейді».

Біздің қоғам, қазақ қоғамы қазір осы заманға күйлемейтін жақсыларға зәру. Мұқтаж. Жақсыларды тәрбиелеп шығару бір Алланың қалауымен Абай ілімі арқылы жүзеге асады. Абай ілімі бойынша адам екі нәрседен тұрады

– Жан мен Тән. Төнде ұят жоқ, мақсаты белгілі, ғұмыры өлеушіл. Ішесем, жесем, ұйықтасам, – дейді. Бүгінгі күнмен ғана өмір сүреді. Тән қалауымен ғана өмір сүретін адамдар туралы Абай:

Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар,  
Жана сүйгіш адамзат – көресқырар.  
Ар мен ұят ойланбай, тәнін асырап,  
Ертегі жоқ, бүгінге болған құмар, – дейді.

Осы өлеңді оқығанда тәнін асырап, ертегі жоқ (ақыретке деген сенім жоқ), бүгінге (бү дүниеге) құмар болған жамандардан ар-ұят талап етудің өзі әбестік екеніне көз жеткізесіз. Бүгінгі көп айтылып жүрген отансүйіштігі, адалдық, тазалық ұғымдарын олардан талап ету, қасқырға қой баққызындай қисыныс екенін ойлайсыз. Біздің бүгінгі тіршілігіміздің көбісінің кері кетіп, киноын таппай жататыны осы өзін-өзі таныған, өз жанын таныған жақсылардың аздығынан деп білеміз.

Сонымен, адамның адамшылығының өлшемі ар мен ұят – тәннің шаруасы емес, бұ дүниеге аз ғана күнге қонаққа келген жанның шаруасы екеніне дән қоясыз. Осы кезде келіп иманның алтыншы шарты болып табылатын ақыретке деген сенімге қажеттілік туындайды. Ақыретсіз, соңғы, жанның мәңгі өмір сүретіні деген сенімсіз дүние бізге сырын ашпайды. Дүниенің сырын аша алмаған соң, біздің жанымыз адамның жаны емес, ішкен-жегенін місе тұтатын хайуанның жаны болады да шығады. Бірақ қызылдық-жасылдық дүниенің қызықтығы

сондай, ол адамның көңілін ұрлайды, қызықтырып өзі туралы ойлантпауға тырысады:

Кім жүрер тіршілікке көңіл бермей,  
Бақи қоймас пәндің мінін көрмей.  
Міні қайда екенін біле алмасын,  
Терең ойдың телміріп соңына ермей.

Терең ойдың телміріп соңына еру ердің ері, егеудің сынығы дейтіндей адамдардың қолынан ғана келеді. Абай атамыздың жолы, Абай үлгісі бізді осы жолға нұсқайды. «Бір қынға екі пышақтық сыймайтыны сияқты, бір көңілге екі тілек сыймайды» (Мәшһүр-Жүсіп). Не тәннің қалауымен өмір сүріп, дүниемен дос боласыз, не жанның тілегін қанағаттандырып, ақыретке, соңғы өмірге қамданасыз.

Дүниеге дос ақыретке бірдей болмас,  
Екеуі тап бірдей боп орныға алмас.  
Дүниеге ынтық, машһарға амалсыздың,  
Иманын түгел деуге аузым бармас.

Біздің қоғам – «дүние достардың» қоғамы. Біз өзімізге дүниені дос тұтамыз, соған сенеміз, соған үміт артамыз. Бірақ, сол біз сеніп жүрген дүниеміз ертең арнайы таусыншақ күн (Абай) келгенде бізді тастап кетеді.

Сол кезде біз опынамыз, өкінеміз, бармағымызды тістейміз – бірақ бәрі кеш болады. Адам ғапыл дүниені дер менікі, Менікі деп жүргеннің бәрі оныкі.

Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,  
Сонда ойла, болады не сенікі?  
Абай ілімінде «біздікі» болатын үш- ақ нәрсе бар екен.

Шырақтар, ынталарың «менікінде»,  
Тән құмарын іздейсің күні-түнде.  
Әділеттік, арлылық, махаббат пен –  
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.  
Қабірден әрі өткендегі үй жолдасымыз – иманымыз. Абай үшін иман дегеніміз – әділет, ар және махаббат. Қабірден әрі өткенде саған мал-мүлікң, харам жолмен жинаған атак-абыройың қорған бола алмайды, қорған болатын жалғыз-ақ нәрсе – иманың.

Адамды аздырып, жүрегің қара тастай ететін дүние достықтың емі – шын досты тауып алу. Екі дүниеде де бізге қорған әрі шын дос – Жаратушы иеміз Алла Тағала!

ҰЛЫ ЖЕҢІС – АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА



Биыл Екінші дүниежүзілік соғыс аталған алапат зұлмдықтың ақталғанына, Ұлы Жеңіске 75 жыл толғалы отыр. Адамзат баласына қанды қырғын мен қасірет әкелген бұл зұлматтың қайғысы әлі де сейіле қойған жоқ.

Халықта «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран» деген даналық сөз бар. Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен құрбан болғандардың бәрі де Жәніс күнін жақындатуға жанқиярлықпен үлес қосқан батырлар деп айтуға болады.

1941 жыл 22 маусым... Қаншама адамның балалық шағы Ұлы Отан соғысына тұспа-тұс келді. Оларды ешкім жас деп қараған жоқ. Есесіне олар Отан үшін отқа түседен тайынбады. Бүгінгі кейіпкеріміз – Ұлы Отан соғысының ардагері, «Милиция үздігі» төсбелгісінің иегері, ішкі істер органдары саласында 40 жыл қызмет атқарған полковник, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінің №322-ші «Кенес Одағы батырлары және ҮОС-ның ардагерлері» топтамасының, №2 тізімдемесіндегі 117-ші сақтау бірлігінің жеке тектік қор иесі Мұқан Темірғалиұлы Балапанов. Мұқан ақсақал биыл 97 жасқа аяқ басып отыр.

Мұқан Темірғалиұлы Балапанов 1924 жылы 1-ші қаңтарда бұрынғы Қарқаралы округі Ку ауданы Мыржық елді-мекенінде (қазіргі Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауданында) туған. Руы – Аргын – Қаракесек. Мұқан ақсақал халықтың басынан өткен нәубеттерді көріп өсті. Қуғын-сүргін қияметі, апаршылық азабы – бәрі бала Мұқанның жүрегінде мұздай болып сақталып қалды. Әкесінің қиындыққа толы өмірін былай баяндап берген еді.

«Әкем Темірғали Балапанов (1897 жылы туған) 1916 жылдан бастап Семейде парохолта матрос болып жұмыс істеген. Жаз жұмыста болса, қыста мұз бекігенде ауылда болған. Әкей латынша және арабша хат таныған. 1924 жылы партия қатарына қабылданады. Әкем Темірғали теміржолдың үздік маманы ретінде нәубет құрбаны болудан аман қалды. Алматы, Семей, Балқаш өңірлерінде уақытпен санаспай жол салды. Ауыр жұмыстан кешке

туыстары Егіндібұлақта тұрғандықтан сол өңірге әкесінен рұқсат алып барады. Егіндібұлақ ауданында есептік инспектор, аудандық атқару комитетінде хатшы болып жұмыс істейді.

1943 жылы тамызда Қарқаралы аудандық әскери комиссариаты майданға шақырып, саналы да жігерлі, 18 жасқа толған жасөспірім көп ойланбастан майданға сұранады. 1942 жылы күз айында жас Мұқан бастапқыда Өзбекстанның Термез қаласындағы пулеметші-минометшілер

даярлайтын қысқа курстан өтеді. 1944 жылы Екінші Беларусь майданына жіберілген жауынгер Мұқан Қызыл Тулы 380-ші Орлов атқыштар дивизиясының 1260 атқыштар полкінің құрамында болып, Белоруссияның Могилев қаласын және Смоленск қаласын жаудан азат етті. Сол жорық үшін 1944 жылдың 6 тамыздағы №0112/н бұйрығына сәйкес КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Польшаның Ломжа қаласын азат ету

аудандық ішкі істер бөлімшесіне қылмысты істерді зерттеу бөлімінің жедел уәкілі болып қызмет атқарды. Озінің білімін жетілдіру мақсатында 1950 жылы КСРО Ішкі Істер Министрлігінің Жоғары офицерлік мектебінде үш жыл сырттай білім алған. Осы аталған Ішкі Істер министрлігінің Қарағандыдағы жоғары мектебіне Қарсақбайдан 16 үміткер емтихан тапсырып, тек 3 жеткіншек қана қабылданды. Олар Мырзабаев, Мұстафа Ахметов және Мұқан Балапанов. 1965 жылы қызмет бабына байланысты Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетін тәмамдайды. Мұқан Темірғалиұлы Жезқазған облыстық атқару комитетінің Ішкі Істер басқармасында 40 жылдан астам уақыт жемісті қызмет атқарып, 1984 жылы наурыз айында құрметті еңбек демалысына заңдастырылған полковник болып шығады. Ішкі істер органында ол қылмысты іздестіру бөлімінде, еңбекпен түзету мекемесінде, экономикалық қылмыспен күрес бөлімінде басшылық қызметтерді атқарды. Осы салада атқарған басшылық қызметінде өзінің біліктілігін танытқан полковник Мұқан Балапановтың кеудесінде бейбіт таңдағы үлгілі еңбегін бағалаған «Милиция үздігі» төсбелгісі де жарқырайды. Қаламыздың қоғамдық өміріне де белсене араласып, бірнеше рет халық депутаттарының калалық кеңесіне депутат болып сайланып, зейнеткерлікке шыққаннан кейін де, қажырлы еңбегін халқына арнаған.

# МАЙДАНГЕР ЖОЛЫ

үйге сүрініп құлайтын әкейді елден келіп сағалайтындар да көп болды, оларға көмек беруден де аянабайтын еді. Сол себепті Балқаш құрылысына 80 адамды жұмысқа орналастырады. Ол уақытта Балқаш пен Қарағанды арасында теміржол болмаған. Семей мен Алматының аралығында 35 разьезд деген жерден Балқаш көлінің жиегіне теміржол тартылып, Бөрлітөбе ауданы ашылды» деп Мұқан ақсақал әкесі туралы естеліктерімен бөлісті. Сол Алматы облысы Бөрлітөбе ауданында мақала кейіпкері Мұқан Балапанов алғаш рет мектепке барып, 7-ші сыныпқа дейін білім алған. 1937-1938 жылдары жаппай қуғын-сүргін басталып, «халық жауы» деген айыптар тағыла бастайды. Сол жылдары Бөрлітөбеден Балқашқа көшіп, әкесінің інісі Болатбек Балапановқа (Қарағанды обком комсомолында жұмыскер-шаруа жастар ұйымының хатшысы қызметіне жоғарылаған) кесірі тимесін деп, 1939 жылы Жезқазған жеріне қоныс аударады.



Мұқан Балапанов 1940 жылы, яғни 9-10 сынып оқитын жылы Жезқазғанда ондай сыныптар болмағандықтан Қарсақбайға қоныс аударылып Жосалы көмесінде тұрады, ол уақытта әкесі Темірғали Қарсақбай мыс қорыту зауытына жұмысқа орналасады. Келесі жылы соғыс басталып 10-шы сынып тарап, өзінен ересектеу балалардың бәрі майданға аттанып кетеді. Майданға баруға жасы жетпеген Мұқан Темірғалиұлы алғашқы еңбек жолын Қарсақбай аудандық қаржы бөлімінде есепшінің көмекшісі болып бастайды. 1941 жылы Қарсақбайға соғыс жүріп жатқан Украина, Белоруссия елдерінен эвакуацияланған тұрғындардың алды қолы келе бастайды. Оларды жұмысқа орналастыру қажет болған соң Мұқан Темірғалиұлы істеп жүрген жұмысынан босап қалады. Содан банкке салық жинайтын кассир болып, кейін Қарсақбай ауданында штаттық инспекторлық жұмысқа тұрады. Бұл сол уақыттағы әжептәуір үлкен лауазымы бар қызмет еді. Жақын

даярлайтын әскери училищеде оқып, 1943 жылдың қаңтарында курсанттардан құралған дивизиямен Сталинградтан бір-ақ шығады. Сталинград шайқасы – Ұлы Отан соғыс тарихындағы ең ірі сұрапыл шайқастардың бірі болған. Оның ұзақтығы, қан төккен жауынгерлер саны және әскери техника саны жағынан тарихтағы ұлы шайқастардың бәрінен де асып түседі. Сонау қанды майдан жылдарында Отан үшін от кешкен Мұқан Балапанов бұл шайқасқа 922-ші атқыштар дивизиясының бөлімше командирі ретінде қатысады. Сол кезде қатардағы қазақ жауынгері Мұқан Балапановқа Сталинград үшін болған шайқастар сынақтың ең үлкеніне айналады, себебі бұл майданда ол санынан жеңіл жаракат алып, госпитальда емделеді. Осы шайқастағы ерлігі ескеріліп «Жауынгерлік ерлігі үшін» алғашқы медалімен марапатталады.

Алғы шепте жүріп, дивизия құрамындағы кіші командирлер үшін болған қанды шайқаста аға сержант Мұқан Балапанов сол жақ санынан миша жарықшағымен (осколок) ауыр жараланып, Москва госпиталінде 5-6 айдай жатады, емделгеннен кейін 1945 жылдың басында жауынгерлік жорықты Горький қаласындағы 53-ші офицерлік полкінде қайта жалғастырады. Жаракатына байланысты алдыңғы шепке бара алмайтын болғандықтан майдан тылындағы сол офицерлік полкте іс қағаздарын жүргізуші қызметін атқарады. Атқыштар бөлімінің командирі бірінші атқыштар батальонының сержанты Мұқан Балапанов 1944 жылдың 4-ші тамызында Белосток облысы (Белоруссия) Домбровский ауданында Каменка деревнясының маңындағы Дзюзувка өзенінің бойымен бағыс жағалауына бірінші болып өтіп, әскердің өтуіне жағдай жасайды. Осы әрекеті үшін 1945 жылдың 4 қазанында Горький әскери округі 53-ші офицерлік полкінің командирі, подполковнигі, Кеңес Одағының Батыры Шнянов Иван Ивановичтің ұсынсымен КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 9 мамырдағы Жарлығымен қатардағы жауынгер Мұқан Балапановқа «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалі табыс етілді.

Мұқан ақсақал – Ұлытау, Жезқазған өңірінің көрнекті де қадірлі азаматы. 2001 жылдың 12 желтоқсанында Жезқазған қалалық мәслихатының №18/210 шешімімен Мұқан Балапановқа «Жезқазған қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді.

1952 жылы Мұқан ақсақал ошағының отын түтетіп келген жан жары София Бекенқызымен шаңырақ көтереді, алты бала тәрбиелеп, өсірген бақытты үлкен шаңырақтың иесі. Өмірлік жары София Бекенқызы өмірден өткен. Кешегі он сегіз жасында оқ пен оттың ортасында болған Мұқан ақсақал, ұрпақ қызығын әлі де ұзақ көре беруіңізге тілектестіктей. Жасай беріңіз, қадірменді Мұқан ардагер!

Қанды майданның сарбаздары саптан кетіп жатса, олардың орнын жаңа ұрпақ басады. Бірақ ерлік пен қаһармандық, қайсарлық пен айнымастық, Отан мен әскери борышқа шексіз адалдық рухы мәңгі сақталады. Сіздің архивтегі асыл да, құнды құжаттарыңыз, әңгімелеріңіз, естеліктеріңіз ұрпақтар ұрпаққа сақталып, уақыт өткен сайын еселеніп, бағалана берсін.

**Гүлзат ЖАКЕЕВА,**  
Әдебиет, өнер, жеке қорлар және ақпараттар мен құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің архивісі

## ҚҰРМЕТТІ ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ЖӘНЕ ҰЛЫТАУ АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

Ұлы Отан соғысының аяқталып, Жеңіс мерекесі батырлықтың символына айналғанына биыл 75 жыл. Осыған орай, Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві «Жезқазғандықтардың майдандағы ерлік жолдары» атты АҚДИЯСБН жариялайды. Бүгінгі таңда соғыс жылдарындағы құжаттардың бағасы мен маңыздылығы ескеріліп, ондаған жылдар сақталған жәдігерлерді жинақтауымыз қажет. Осы ретте, **Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл ардагерлері және олардың ұрпақтары!** Майдангер-ардагерлеріміз жайында қол-дарыңызда қандай да бір мәлімет-деректеріңіз болса, (ҮОС қатысушы ардагердің немесе тыл ардагерлерінің өмірбаяны, жеке құжаттары, марапаттары, мақалалары, естеліктері, жеке суреттері, т.б. құжаттары) Жезқазған қаласы мемлекеттік архивіне өткізулеріңізді сұраймыз.

*Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды!!*

Мекенжайымыз: Жезқазған қаласы мемлекеттік архиві, Титов көшесі, 22, басшы Д.Орынбасарова, телефон: 72-31-22, №2 кабинет, Ж. Осанова, телефоны: 72-31-23.

# ҰЛЫ ЖЕҢІС ЖӘНЕ ТЫЛДАҒЫ ЕҢБЕК



Кешегі Кеңес Одағы халықтарының Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 75 жыл толу мерекесін тойлауға да аздаған күндер қалды. Ұлы Жеңістің ұлы күні атанған 1945 жылдың 9 мамыры халықтардың есінде мәңгілік сақталатын күн тәрізді болған. Тап сол жылы 1-ші рет тойланған мерекеге қатысушылардың бәрінің ойлары осылай болатын. Қазір сол оқиғадан 75 жыл өткеннен кейін сол пікіріміз өзгерусіз қалды ма деген ой туа бастаған тәрізді. Өйткені, қандай да бір оқиғаны толық түсініп, орындар бағасын беру үшін соның қатысушысы болуы керек.

Сол 1945 жылы өмірге келген, бірақ ұлы соғыстың жалыны шарпылмаған, дүбірі естілмеген, сол жылдардың ауыр қияметін көрмегендердің өзі 75-ке келіп отыр. Бұл – адам баласының ұлы ұрпағының жасы. Демек, сол соғысты көрмесе де, қасіреті мен қайғысын молынан естіп тәрбиеленгендердің өзі де дүниеден өтіп жатыр. Ал, олардан кейінгі ұрпақтардың өмірлері өзгеріп, құндылықтарды бағалау қабілеттерінің төмендеген кезеңінде Ұлы Жеңісті бағалауымыз өзгермеді дей аламыз ба?

Ұлы Жеңіс жарияланған күн – адам баласының терең тебіреніп, шарықтай шапқып, қуанған күні. Бұл алдымен майдан шебіндегі төрт жыл бойы күн мен түні жалғасып кеткен, бар мақсаты қарсылас дауын жеңу ғана болған, сол үшін қанын да, жанын да аямаған, қолдарына қару ұстаған жауынгерлердің қуаныш күні болатын. Бұл сол майданға қажет танктер мен ұшақтарды, зеңбіректер мен пулеметтерді, автоматтар мен винтовкаларды, оларға керек оқ дәрілерін жасаушылардың қуаныш күні болатын. Бұл жауынгерлерге қажет киім-кешек, дәрі-дәрмек, керекті тамақтарын дайындап, жөнелтіп отырған тыл еңбекшілерінің қуаныш күні еді. Бұл тылда дайындалған танктер мен зеңбіректерді, басқа да соғыс қаруларын және керекті жабдықтардың бәрін жеткізіп беріп отырған теміржолшылар мен автокөлік жүргізушілерінің қуаныш күні. Қысқаша айтқанда, төрт жыл бойы жауынгерлерінен бастап, тылдағы есі кірген балалардан, еңкейген қарияға дейінгі «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен жан аямай еңбек еткендердің қуанышы.

Осы Ұлы Жеңіс күнінің дабылын құлағымен естіп, естері шыға қуанған ауыл жұртының ішінде болған адамның бірі – менімін. 9 жасқа толсам да майдан қажеті үшін жатпай-тұрмай еңбек еткен Аралтөбе колхозының 50-ден асқан аздаған азаматтары мен көпшілігі әйелдерден тұратын еңбекшілердің қатарынан орын алып үлгерген болатымын.

Бір сәтте киіз үйлерден тұратын қолхоз орталығы «Сүйінші, сүйінші, соғыс аяқталды!» деген айқай естіліп, үйлерінен даурыға шығып, бірін-бірі құшақтап, қуанышқа кенеліп кетті. Арасынан бір кезде даусы қойып жоқтаған аналардың дауыстары да естілді. Бұл жарлары мен ұлдары, бауырлары майданнан қайтпаған аналардың ашы өкініші еді. Ауылдың әр жерінен естілген шерлі аналардың даусы қуаныш жалынына су сепкендей болды.

Бала болсам да сол сәтте бұл жеңіс күнінің қан мен тердің төгілуімен, миллиондаған жауынгерлердің өмірлерін жеңіс үшін жандарын құрбан етіп, тірліруге аманатын қалдыруымен, қуанышына қайғысы араласуымен келген күн екенін түсіндім. Бұл Кеңес Одағы халықтарының неміс-фашист басқыншыларына жойқын соққы беріп, фашистік Германияны тізе бүктірген күнінен бұрынғы кезеге тарихи мәліметтерге сүйеніп отырып көз салсақ халқымыз басынан кешкен қасіретті күндер көз алдымызға келеді.


1917 жылғы қазан революциясының нәтижесінде дүние жүзінде бірінші орнаған социалистік мемлекетке шошына қараған капиталистік елдер аз болған жоқ. Олар біріге отырып, Кеңес Одағына Антанта жорығын ұйымдастырды. Осылайша жас мемлекетті тұншықтырғысы келді. Мұның соңы азаматтық соғысқа айналып, 10 жылға созылған дүрбелеңге душар етті.

сөйлеген сөзінде Кеңес үкіметінің басшысы Иосиф Виссарионович Сталин былай деген: «Біз Еуропадағы капиталистік мемлекеттерден 50 жыл қалып қойдық. Осы өркендеу жолындағы қалушылықты 10 жылда жоймасақ, мемлекеттігімізден айрылып қаламыз». Осы көрсендіктен социалистік мемлекет 5 жылдық екпінді жоспарын қабылдап, іске асырды. Осының нәтижесінде алғашқы 10 жылда 8000 зауыттар мен фабрикалар, ірі өндіріс орындары салынып, іске қосылған. Осылай болса да Кеңес Одағы ІІ Дүниежүзілік соғыс қарсаңында бүкіл батыс Еуропа мемлекеттері (Англиядан басқа) өзіне бағындырып үлгерген фашистік Германияға экономикалық қуаты жағынан тепе-теңдікке жете қоймады.

1941 жылдың 22 маусымында басталған ІІ Дүниежүзік соғыстың тағдырын шешетін басты фактор екі жақтың экономикалық қуаты мен оның төзімділігі, соғысқа бейімделген өндіріс қуаттылығы жағынан фашистік Германияның дайындығы ілгері болатын. Сөйте тұрса да неміс басшылары Кеңес Одағына шабуыл жасағандағы үш басты бағыттарының бірі оңтүстік-батысты беттеген Беларусь пен Украина және Кавказ бағыты болған. Мұндағы мақсаты Кеңес мемлекетін Донбастың көмірінен, Украина мен Кавказдың марганец өндіретін рудниктерінен, Кавказдың мұнайынан айырып, экономикалық тұншықтыру болатын. Өкінішке орай, немістер осы мақсатына жете білді. Соғыстың алғашқы күнінен бастап Үкімет басшыларының алдында өте маңызды үш проблеманы шұғыл түрде шешу мәселесі тұрғандығын байқау қиын емес. Ол, біріншіден, Кеңес Одағының шекарасын бұзып, шығысқа қарай екпінді түрде ене бастаған фашист әскерлерін тоқтатып, қарымта соққы беру болса, екіншіден, жау қолында қалу қаупі төнген Беларусь, Украина, Кавказ және Ресейдің батыс аймағында орналасқан соғыс қажетіне жарайтын өндіріс нысандарын Оралдан шығыс аймақтарына көшіріп, іске қайта кірістіру еді. Ал, үшіншіден соғыс қауіп төнген аймақтарда өндірілетін минералдық шикізаттардың орын толтыру міндеті тұрды. Ұлы Отан соғысы туралы жазған тарихшылар мен зерттеушілер көбінесе осы бірінші мәселе туралы жазды. Тағдырлары тылда шешілетін екінші және үшінші мәселелер туралы жазушылар жоққа таяу. Пайымдап қарағанда, бұл үш мәселені бірінің бірінсіз ұтымды шешілуінің көру қиын емес. Кейінгі екі мәселені шешу үшін ұйымдастырылатын шаралардың жауаптылығы мен маңызы жөнінен әрқайсысы Сталинград пен Ленинград қалаларын азат ету үшін ұйымдастырылған соғыс операцияларының маңыздылығынан кем емес. Мысалы, жоғарыда аталған аймақтардан шығысқа көшірілетін өндіріс нысандарының жана орындарға орналастырылып іске қосуының арасы 1,5-2 айдан аспағанын тарихи мәліметтерден көреміз. Кейбір зауыттарды жана орынға орналастыру барысында, алдымен, соғыс қаруын жасайтын станоктарды тегістелген жерлерге орналастырып, іске қосқаннан кейін ғана зауыттардың қабырғаларын көтеріп, кейін төбелерін жапқандығы жайлы деректер сақталған.

Мұндай ерліктер мен тапқырлықтарды уақытында бағалаған жоқ шығар деген ой келеді. Мұндай ұйымдастырушылықты қазіргі дамыған ХХІ ғасырда кездестіре алмайсыз. Осындай жанқияр істерді ұйымдастырушылардың қатарында Кеңес геологтарының болғаны да мәлім. Сақталған тарихи деректің бірінде Кавказдың мұнайы фашистер қолында қалу қаупі белгілі бола бастағанда И.В.Сталин Кеңес үкіметінің қаржы министрі Ю.Зверевті шақырып, оған үш айда жанадан мұнай көздерін табуға нұсқау берген. Сонда Зверьев: «Жолдас Сталин, бұл мүмкін емес», дегенде, Сталин: «Мұнай болса Зверьев те болады, мұнай болмаса Зверьев те болмайды», – деген. Осындай қысқа да қатаң нұсқаулардың мүлтіксіз орындалуының арқасында Кеңес геологтары небары үш айдың көлемінде Татарстан жерінің қойнауынан мұнайлы қабаттарын тауып, майдан қажеттілігін толығымен орындаған.

Бұл айтуға оңай, іске асыру жағынан өте күрделі жұмыстар екенін мамандар ғана біледі. Бастауы болжаудан, содан кейін іздеуден, оның нәтижесі бойынша барлау жүргізуден, одан әрі табылған шикізат көзін



жан-жақты тексерулер арқылы мөлшері мен сапасын және құндылығын анықтау, сөйтіп барып, өндірістік игеруге беру бөлімдерінен тұратын геологиялық жұмыстардың әрқайсысының орындауы 2-3 жылдан кем болмайтынын мамандар біледі. Осы тұрғыдан қарағанда 1941 жылғы Кеңес геологтарының 3 ай ішінде мұнай тауып беруі майдандағы ерліктерден кем емес. Жанармайсыз не ұшақтардың, не танктердің, не автомобильдердің жүре алмайтынын ескерсек, геологтардың бұл істерінің соғысқа қосқан бағасы жоқ үлес екендігінде сөз жоқ.

Дәл осылай Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап, танктер мен зеңбіректер жасауға бірден бір қажет марганец металын белгісіз жерден болжау арқылы табылатындығын дәлелдеп, үкімет басшыларының сендіру арқылы небары 3 айдың ішінде Жезді атанған жерден марганец рудалары өндіріліп, Орал зауыттарына жеткізе бастаған Қ.И.Сәтбаевтың істері де шынайы ерлік емес пе?! Қанекеннің бұл істерін үкімет басшылары бағалады. Оның 1939 жылы Жезқазған кенінін мыс көлемін ондаған есе арттырғаны үшін алған Ленин орденіне қоса екінші рет тағы да «Ленин» орденін алуы, жана ғана бекітілген «Отан соғысы» орденімен марапатталуы да орасан еңбектің еленгендігі. Кейінгі ордені майдандағы ерліктері үшін қолбасшыларға беріле басталған орден екенін ескерсек, Қанекеннің бұл еңбегінің бағасының ерекше екенін байқаймыз. Бірақ, тап осылай тылдағылардың еңбектері жалпылай бағаланды деп айту қиын.

Қалыптасқан үрдіс бойынша Ұлы Жеңіс барша Кеңес Одағының барлық халықтарының ортақ үлесі. Дегенмен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері дегенде тек соғыс жауынгерлерін ғана атайтынын, ал тылда еңбек еткендерді бөлектеп, менсінбегендей пнғыл көрсететіні миллиондаған тыл еңбекшілерін қынжылтады. Осындай көзқарас қазір қатары сиреп қалған, жастары 80-нен асқан еңбек ардагерлері үшін орындалмаған үміттері болып қала бере ме деген қауіп жалғасады. Осы тыл ардагерлерінің Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында өздеріне деген бір өзгеріс бола ма деген үміттері де орындалмаған арманы болып қалып барады. Біздің ойымызша, осы уақытқа дейінгі Ұлы Отан соғысына қатысы бар деп мойындалған азаматтардың бәріне бір ғана «Ұлы Отан соғысының ардагерлері» деген атақты таратса әділеттілік болар еді. Осылай шешім қабылдау уақыты өтіп бара жатқан сияқты. Бірақ, өздерінің қарабастарының қамынан басқаны ойламайтын қазіргі үкімет басшыдағылардан не үміт, не қайыр?! Қарияларға тек Алланың назары дұрыс болсын деп тілейміз.

**Сұлтан СҮТБАЕВ,**  
ҚР Құрметті геологы, тыл ардагері

КЕЛБЕТ

# ТЫНЫСТЫ ЕДІ ТАРЛАНДАЙ

**Ақындар қайда – сөз сонда.**  
*/қазақ мақалы/*

Қалиакпар Әбділин... Көптен бері көзден де, көңілден де таса қалған екен асыл азамат. Есімі құлаққа шалынсымен-ақ ұзын бойлы, терең ойлы, не айтса да ашығынан ақтарыла нақты сеніммен серпіле баяндауға шебер сұңғыла сұр жігіт көз алдыма елестеп, шыға келді. Ол кезде бәріміз де жас едік. Дегенмен, ол маған менен едәуір үлкен болып көрінген. Сөйтсем, арамыз небәрі төрт-ақ жас екен ғой. Иә, қу соғыс басталғанда алды-арты мен оң-терісін танып қалған бала бірден азаматтық алқапта алысып жүргенін аңдамай да қалатын...

Жаңарқа жастары жастық жалынның шарпуымен «Халық театры» деп аталатын аса абыройлы атак құшағына тап болған 1963 жыл өте бере тағы бір айтулы мерекеге дайындала бастады. Ол – қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы асқаралы ақын, жаңғырығы Жер жарған жазушы, төңкерісші газының бар дауылы мен толқуын өз басынан өткерген өрен өркеннен ел ағасына айналған ер ұланы, Арқаның асыл ардағы Сәкен Сейфуллиннің туғанына 70 жыл толуына арналған салтанат еді.

Біздің сол заман қазіргі жастарға тарихтың талма бір бетіндей ғана әсер ететін болар. Ал біздің көз алдымыздан дүниедегі үлкен бір соғыстың бірнеше жыл бойы зар қақсатқан зор зардабы, майданда жүрген ээ әкелер мен батыр ағалардың жан алысып, жан беріскен айқастары мен шайқастарының арқасында қол жеткен Жеңіс атты зорлардан да асқар ірі Қуаныш шаттығы, ел біткен есіреп сүйген көсемнің көз жұмуы,

ғайыптан пайда болғандай үш бірдей алпауыттың есімдері жарыққа шығып, шымыр шығармаларының ел игілігіне айналуы сынды өмір арқаулары бірін бірі қуалай келіп, өтіп жататын.

«Үш алып» деп отыраным Сәкен, Илияс, Бейімбет екенін қазіргі ұрпақтың бәрі бірдей біле бермесі анық. Ұмытпасам, бұл үш шайыр да 1894 жылы дүниесігін ашқан ардалар. Сөкенге арналған мерейтой оның туған топырағы шандатып жатқан Жаңарқа жерінде басталмақ. Даңқты ұлдың ұланасыр тойын туған елі атағына лайықты атап өтуге бар мүмкіндіктерін жұмсауға дайын. Сол шақтағы Жаңарқада маңдайға біткен жалғыз жұлдыздарындай пірлерін көкке көтергісі келмейтін естері кірген балалардан масайраған қарттарға дейінгі арада ешкім болған емес. Ал, аудан өнерпаздарының делебелері қозып, дегбірлері ұстатпай тұрғаны өз алдына бөлек әңгіме.

Мен Қалиакпар қаламгермен сол кезде жақын танысқан едім. Ол аудандық «Жаңарқа» газетінің белді қызметкері ретінде, мен аудандық халық театрының режиссеры ретінде мерейтой күндері салтанатының өту жоспары мен салтанат соңындағы концерт сценарийін дайындауға кірістік. Әрине, сценарий мәтінін жазу – қаламгердің тікелей міндеті. Және еңбектің ең ауыры да осы автор мойнына жүктеледі. Болып жатқан салтанаттың мәні мен маңызын, бас қаһарманның не қилы тағдыры мен тарихи қызметін көрерменнің көңіліне құйып беретін де сол.

Қазір менің қолымда сол мерейтой сценарийінің режиссерлық данасы жатыр. Оның әр бетін оқыған сайын сол күні өткен тойдың алуан сәттері ойға оралады. Сәкен Сейфуллин атындағы кеңшардың орталығы Ынтымақ ауылына жақын Иманак тауының


етегіне үлкен сахна орнатылған. Тау беткейі бейне бір кең де әулім сарай ішіндегі көк те жасыл орындары жағасына зал көрінісіндей көз тартады.

Кеш. Кеш емес, талтүс. Тауды басына көтере, жаңғырықтыра той кешін жүргізушілердің дауыстары санқылдай естіледі.

Басталсын дүбірлі күй қоңыраулы, Ал, әнші, қолыңа ұста домбыранды. Самалға айқара ашып омырауды, Шырқатшы жанға жайлы қоңыр әнді.

Күміс күй сурғаласын, шалықтасын. Жақсы әндер көгершіндей қалықтасын. Өнерпаз, келді кезің сыналатын, Ал, қане, тойшыл қауым жалықпасын. «Той бастар», «Топан», «Өтүпідек». Концерттің әр парасы дауылпаз ақынның өмір жолын суреттеуге көмектесіп тұр. Нілді, Ақмола, Омбы, Анненков вагоны. Бәрі-бәрі үлкен күрескер тағдырын кеш естелігі беттерінде баяндап шықты. Көрсен де талай азапты, Қамықпай жүрдің, жан аға. Мал баққан мұңды қазақты Бастадың жарқын жағаға.

Жауыңа өткір алмас ең, Жарлыға жақын жолдас ең. Арқаның алтын көгінде Күн болып тұрдың сонда сен. Бұл өлең шумақтары сол күнгі той сахнасында оқылған жыр жолдарынан алынды. Осынау төрттағандар түгелімен дерлік сценарий авторының яғни Қалиакпардың өзінің туындылары екені даусыз.



Мен кейін аулымыздан шалғайда жүргендіктен болар, осы қарымды қаламгердің бар шығармаларымен терең талдарлықтай таныспаған екенмін. Дегенмен, сонау кезден-ақ оның тынысы кең тарландай талант екенін білетінім.

**Аманжол ҮСЕНТЕП,**  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

# ИСТИҒФАР ҚИЫНДЫҚТАН ҚҰТҚАРАДЫ

Бүгінде әлем жұртшылығын дүрліктірген COVID-19 жұқпалы дерті көптеген елге таран үлгерді. Әлемде бұл індетті жұқтырған адам саны 1 миллионнан асты, 60 мың адам дүниесін салды. Бұл жағдай бізді де алаңдатып отыр.

Баршамазға белгілі, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Ғұламалар кеңесі еліміздегі төтенше жағдайға байланысты шарияғаттағы зәрулік үкімін негізге алып, жамағат арасында жұқпалы індеттің тарап кетпеуінің алдын алып, мешітте жұма және жамағатпен оқылатын намаздарды уақытша тоқтату туралы пәтуа шығарды.

Еліміздегі мұсылман қауымы бұл пәтуа мен ҚМДБ-ның қосымша нұсқауларын түсіністікпен қабылдап, бойсынууда. ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы халықты сабырға шақырып, сындарлы сәтте дұға жасап, ізгі амалдар санын арттыруға үндеді. Өзі де бастамашыл ниет танытып, бүкіл дін қызметкерлерін мүмкіндігінше қасиетті Құранды хатым етуге шақырды. Бас мүфти республикалық «Әзірет Сұлтан» мешітінде Құран хатым ету рәсімінде қатысып, бәта жасап, дұға етті. Алла қабыл етсін деп тілейміз.

Наурызбай қажы Тағанұлы бастаған дін қызметкерлері республикалық «Жүрек жылуы» қайырымдылық акциясы аясында мұқтаж отбасыларға көмектесіп, алғысын алуда. Моральдық хәм материалдық тұрғыда жасалған бұл көмек көптеген отбасыға қуаныш сыйлап, жігерін оятып, көңіліне демеу болғанын айта кеткеніміз абзал. Жаңға демеу болған бастаманың бірі

– Бас мүфтидің кезекті үндеуі. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы еліміздегі төтенше жағдайға байланысты барша мұсылман қауымын Аллаға дұға етіп, ең кемінде 100 истиғфар және Ардақты Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айтуға шақырып, арнайы Үндеу жолдады.

«Барша жамағатты осы үндеуді қолдап, еліміздің амандығын сұрап, жұқпалы дерттен тезірек айығу үшін 3 сәуір жұма күні, бесін намазынан кейін «100 истиғфар және 100 салауат» немесе одан да көбірек айтып, дұға жасауға шақырамыз. Жаратқан Алла халқымызға амандық берсін, науқас жандардың тезірек айығып кетуін және мешіттерімізге қайта қауышуды нәсіп етсін. Әмин!» делінген Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының ел мұсылмандарына жолдаған Үндеуінде.

Қасиетті жұма күні әдебиет, тарих, өнер, дін, журналистика, т.б. саладағы белгілі тұлғалар мен еліміздегі жалпы жамағат Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының Үндеуін қолдап, үн қосты.

Бас мүфти бастамасын қолдаған тұлғалар әлеуметтік желіде халықты игі іске үн қосуға шақырып, ізгі тілегін жолдады. Қоғамды истиғфар мен салауат айтуға шақырған

ақындар мен журналистер өсиетті өлең жырларын жариялады.

Бас мүфти «24 Хабар» телеарнасына берген сұхбатында сындарлы сәтті сауапқа айналдыру қажеттігін атап өтті. «Карантин кезінде сабыр сақтап, бұл уақытты жақсылықпен өткізуге тырысқанымыз абзал. Бұрын күйбен тірлікпен қолы тимей жүрген көптеген ата-ана қазір ұл-қыздарының қасында. Бірге құлшылық жасап жатқандар да бар. Бірге кітап оқып, уақытты тиімді пайдалануда. Ал насихат тыңдаймын деген жандар үшін де мүмкіндік мол. Біз қазір онлайн режимде уағыз айтып, тәулік бойы жұмыс істейтін call-center арқылы жамағаттың сауалына жауап берудеміз», – деді Наурызбай қажы Тағанұлы өз сұхбатында.

Расында, біз истиғфар мен дұғаны көбейтсек, Алла Тағала түрлі апаттар мен сынақтарды, жұқпалы індеттерді ортамыздан алыс етеді. Бірде бір кісі Әлиден (оған Алла разы болсын) құрғақшылық пен ашаршылыққа, ауру мен түрлі сынаққа тап болғанын айтып, кеңес сұрайды. Сонда сандақ сахаба истиғфарды көп айту қажеттігін жеткізген.

Бір кісі біраздан бері перзентті бола алмай жүргенін айтады. Сол кезде де Әли (оған Алла разы болсын) истиғфарды көбітеуді жеткізеді. Осы жағдайларды көріп тұрған бір кісі сахабадан: «Сіз түрлі сұрақпен келген барлық адамға истиғфар айту қажеттігін жеткіздіңіз. Мұның сыры не?» – деп сұрайды. Сонда Әли (оған Алла разы болсын) «Нұх» сүресіндегі: «Рабылларыңнан кешірім тілеңдер. Ол өте кешірімді. Ол сендерге



аспаннан мол жаңбыр жаудырады. Әрі дәулеттеріңді арттырып, ұрпақтарыңды көбейтеді. Сендер үшін бақшалар жасап, өзендер ағызады», – деген аяттарды алға тартады. Расында, мұсылманның ең мықты қаруы – дұға.

Ислам діні кейбір ғибадаттарды қауіпті жағдайларда уақытша тоқтауға рұқсат береді. Мысалы, адамның өміріне, денсаулығына, мал-мүлікке, бала-шағасы мен отбасы мүшелеріне әлдебір залал келетін болса, шариятымыз оның мешітке келіп, бес уақыт

намазды жамағатпен оқуын, тіпті жұма намазға қатысуын міндеттемейді.

Барша мұсылман қауымын сабыр сақтауға, орынсыз үрейленбеуге және Алла Тағалаға мінжат етіп, истиғфар айтып, дұға етуге шақырамыз. Алла Тағала баршамазға разы болып, дұға-тілектерімізді қабыл етпей! Әмин!

**Жақия қажы АБДУЛЛАУЛЫ,**  
**«Бірысқелді қажы»**  
**мешітінің бас имамы**  
*Нұр-Сұлтан қаласы*

СҰРАҚ-ЖАУАП

## АНТИСЕПТИК ҚОЛДАНУҒА БОЛА МА?

Санитарлық-эпидемиологиялық қызметі қауіпті бактерия, вирус және микробты зарарсыздандыру үшін антисептик қолдануды талап етеді. Қазір коронавирус жұқтырып алмау мақсатында дерлік барлық мекемелерде, сауда орталықтарында, тіпті үйлерде оны кеңінен пайдалануда. Антисептиктің негізгі құрамы спирт болғандықтан, бұл туралы мұсылман қауымы арасында сұрақтар туындауда.



Әбу Ханифа мен Әбу Юсуфтың көзқарасы бойынша жүзім және құрмадан басқа өнімдерден жасалған спиртті антисептик мақсатында қолдануға рұқсат етіледі. Ал қазіргі медициналық спирттер жүзім және құрмадан алынбайтыны белгілі.

Антисептик мақсатында қолданылатын сұйықтық, медициналық спирт нәжіс болып есептелмейді. Өйткені харам нәрсенің бәрі нәжіс бола бермейді. Мысалы, есірткі мен ұдық үкімі харам, бірақ өзі таза. Құрамында спиртті бар нәрселер, спирт араласқан сұйық заттар денеге, киімге тисе нәжіс болмайды, тиген жерін жуу да міндетті емес.

Арнайы антисептик заттар немесе медициналық спирт табылмаса, зәрулік үкімді негізге ала отырып, спирттік ішімдіктерді де антисептик мақсатында қолдануға шарияғат рұқсат етеді. Бірақ ол нәжіс болғандықтан, намаз оқығанда спирттік ішімдік тиген жерді жуып тастау шарт.

## ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ ҚАНДАЙ ДҰҒА ОҚУ КЕРЕК?

Әрбір адам денсаулығына жете мән беруі керек. Ал, жұқпалы індеттің алдын алу үшін ол барлық сақтық шарасын көруге міндетті.

Өйткені, Алла Тағала Құран Кәрімде адамзат баласына: ﴿لَا تَقْرَأُوا الْقُرْآنَ حَتَّىٰ تَغْتَسِلُوا﴾: «Өз бастарыңды қауіп-қатерге тікпендер»[1], – деп ескерту жасаған. Бұл кезде Алла берген аманат – өз өміріміз бен денсаулығымызға дұрыс күтім жасамасақ, қауіп-қатерге көзсіз ұрынар болсақ, өзімізге де, өзгелерге де зиянымыз тиетіні сөзсіз.

Жұқпалы аурумен сырқаттанған адамға тым жақындауға рұқсат етілмейді. Бұл жайлы Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ﴿بَسَّالْأَنْفِ لِمَنْ لَمْ يَكْرِفْ. وَبَدَحَ الْمَاءِ نَمْرُفٌ﴾: «Жұқпалы ауруға шалдыққан адамнан жыртқыш хайуаннан қашқандай

қашыңдар (яғни қорғаныңдар)»[2] деген хадис шәріп арқылы ескерту жасайды.

Сонымен қатар, пенде Жаратушы Иесіне дұға етуді де ұмытпауы керек. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ﴿قَالَ يَا أَيُّهَا الْمُدَّثِّرُ اقْرَأْ﴾: «Дұға – ғибадаттың мәні», – деген[3].

Ал, Құран Кәрімде: ﴿كُلُّوا مِن ثَمَرِهِ إِذَا أَثْمَرَ وَابْتَغُوا فِيهِ سُبُلَ الْوَلَدِ وَابْتَغُوا فِيهِ سُبُلَ الْوَلَدِ﴾: «Егер дұға-мінжаттардың болмаса, Раббым сендерді қалай бағаласын»[4], – деп айтылған.

Сондай-ақ Алла Тағала: ﴿لَأَسْأَلَنَّ اللَّهَ أَنْ يَجْعَلَ لِكُلِّ شَيْءٍ مِثْلًا وَلِيَعْلَمَ أَنَّ اللَّهَ يَوْمَ الْقِيَامِ عَلِيمٌ﴾: «(Уа, Мұхаммед!) Егер құлдарым сенен Мен туралы сұраса, Мен оларға жақынмын, Маған жалбарынып, дұға еткеннің дұғасын жауапсыз қалдырмаймын»[5], – деген.

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дертке қарсы оқылатын көптеген дұғалары туралы бізге жеткен хадистері көп. Соның бірі туралы Осман ибн Аффан (оған Алла разы болсын): «Мен Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай айтқанын естідім: «Кімде-кім үш рет: ﴿يَا أَيُّهَا اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ بِرَحْمَتِكَ وَأَنَّكَ تَعْلَمُ مَا فِي قُلُوبِنَا﴾ (Алланың аты–мен жалбарынып дұға етемін. Оның есімімен жер мен аспанда еш нәрсе зарар етпейді. Ол – толық естуші әрі білуші!) десе, таң атқанға дейін оған пәле жетпейді. Кімде-кім таң уақытында оны үш рет айтса, кешке дейін оған пәле жетпейді», – деген[6]. Алдын ала келетін дерттен сақтану және бойындағы аурудан сауығу үшін

Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) күнде түннің кезінде ұйқыға жатардан бұрын Ықылас, Фалақ және Нас сурелерін оқып, өзіне дем салған, яғни Құран оқып, алақанына үрлеген, сосын онымен бетін жеңіп денесінің қолы жеткен жерін сүрткен[7].

Құран аяттары мен дұғаларды ауырған уақытта да, сау кезде де оқыса болады. Сондай-ақ, Құран мен дұғаны ықыласпен оқу қажет.

Дұға да дәрі сияқты. Алла Тағала қаласа, әсер етеді. Аурудан сақтаушы, дертке шипа беруші – бір Алла!

- [1] «Бақара» сүресі, 195-аят.
- [2] Бухари риуаят еткен.
- [3] Тирмизи риуаят еткен.
- [4] «Фұрқан» сүресі, 77-аят.
- [5] «Бақара» сүресі, 186-аят.
- [6] Әбу Дәуіт, Тирмизи риуаят еткен.
- [7] Бухари риуаят еткен.

Соңғы уақыттарда жаман індеттің тез таралуына байланысты мешіттерімізде жұма жамағатнамаздары тоқтатылды. Мұндай шешімді Қазақстан ғана емес, Түркия, Сауд Арабиясы, Әзбекстан, Қырғызстан, Кувейт, Мысыр сынды әлемнің көптеген мұсылман мемлекеттері қабылдады.

## ТІКЕЛЕЙ ЭФИР АРҚЫЛЫ ЖҰМА НАМАЗЫН ОҚУҒА БОЛА МА?

Осы жағдайға байланысты жұма намазын тікелей эфир арқылы имамға ұйып оқуға бола ма деген сұрақтар жамағат тарапынан туындауда. Жалпы тікелей эфир арқылы жұма жамағат намаздарын үйде отырып соған ұйып оқуға келер болсақ, ілім иелері жұма намазы да, жамағат намазы да бұл жолмен оқыла дұрыс емес екендігін баяндаған. Егер кімде-кім бұл жолмен намаз оқыған болса, ол намаздарды қайта оқуы керек болады. Өйткені бұл жерде жұманың шарттары толық орындалып тұрған жоқ. Сондай-ақ, көпшілік галымдар ұюшы адамдар имамның алдына шығып кетпеуі керек және имам мен ұйышы бір жерде болуы керек деп шарт қойған. Оған қоса имам мен ұйышының арасын жол, өзен бөліп тұрса да ұйышы адамның намазы дұрыс болмайды. Сондықтан жұма күні жұманың орнына төрт рақағат бесін намазы оқылады.

## БІРЕУ БЕРГЕН СЫЙЛЫҚТЫ ӨЗГЕ АДАМҒА СЫЙЛАУҒА БОЛА МА?

Ел арасында біреудің сатуға болмайды деген себебі



арнайылап берген сыйлығын басқа біреуге беруге, сыйлауға, сөз кең тараған. Алайда дінімізде бұған тыйым салынбаған, сыйлық алған адамның толықтай жеке мүлкі болып саналады. Яғни адам өз мүлкіні қалай қолданса десе де өз еркі. Сатса да болады, басқа біреуге сыйлай да алады. Бұған дәлел бірнеше хадистер бар.

Хазіреті Әлиден (Алла одан разы болсын) келген риуаятта: Укайдир ибн Әбдумәлік Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жібектен тігілген киімді сыйға берді. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сыйлықты алып, Әлиге берді де: «Фатималарға[1] бөліп бер, орамал жасап алың»[2], – деді. Бұл хадистен Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзіне берілген сыйлықты басқа адамға сыйлағанын байқаймыз.

Имам Бұхариден жеткен басқа хадисте Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) түйе сыйланған уақытта, Алла елшісі оны алып, Омардың баласы Абдуллаға (ол екеуіне Алла Тағала разы болсын) беріп, былай деген: «Әй, Омардың баласы Абдулла, бұл саған берілген сый, оны қалауыңша пайдалан»[3], – деген. Хадистегі Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «оны қалауыңша пайдалан» деуі, біреудің сыйлаған нәрсесі оның жеке мүлкі болатыны және оны сату, басқа біреуге сыйлыққа беру өз еркіне екеніне дәлел бола алады.

- Сондықтан сыйлық ретінде берілген кез-келген затты өзге біреуге сатуға, сыйлауға рұқсат.
- [1] Бұл жердегі Фатималар деп айтуы, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қызы Фатима, Әлидің (р.а.) анасы Фатима және Хамзаның (р.а.) қызы Фатималарды мақсат етіп тұр.
- [2] Имам Бұхари және Имам Муслим.
- [3] Имам Бұхари.

13.04.2020
QAZAQSTAN
6:05 «Журналистик зерттеу». 6:40 «Quzqu екен...».

ХАБАР
6:00 «Әсем әуен». 7:00 Жаңалықтар. 7:20 «Өз үйім 2».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Бәрі жақсы».

КТК

07:05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ». 07:30 «МҮНАЙМА, НЕФИСЕ».

14.04.2020
QAZAQSTAN
6:05 «Quzqu eken...». 6:30 «Сәлем Қазақстан».

ХАБАР
6:00 «Әсем әуен». 7:00 Жаңалықтар. 7:20 «Өз үйім 2».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Бәрі жақсы».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «МҮНАЙМА, НЕФИСЕ».

15.04.2020
QAZAQSTAN
6:05 «Quzqu eken...». 6:30 «Сәлем Қазақстан».

ХАБАР
6:00 «Әсем әуен». 7:00 Жаңалықтар. 7:20 «Өз үйім 2».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Бәрі жақсы».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «МҮНАЙМА, НЕФИСЕ».

16.04.2020
QAZAQSTAN
6:05 «Quzqu eken...». 6:30 «Сәлем Қазақстан».

ХАБАР
6:00 «Әсем әуен». 7:00 Жаңалықтар. 7:20 «Өз үйім 2».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Бәрі жақсы».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «МҮНАЙМА, НЕФИСЕ».

17.04.2020
QAZAQSTAN
6:05 «Quzqu eken...». 6:30 «Сәлем Қазақстан».

ХАБАР
6:00 «Әсем әуен». 7:00 Жаңалықтар. 7:20 «Өз үйім 2».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Бәрі жақсы».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «МҮНАЙМА, НЕФИСЕ».

18.04.2020
QAZAQSTAN
6:05 «Quzqu eken...». 6:30 «Арманыма хат».

ХАБАР
6:00 «Тамаша». 7:30 Концерт. 9:30 «Повелитель стихий».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Бәрі жақсы».

КТК

07:05 «ҮЛКЕН ҮЙ-2». 07:40 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».

19.04.2020
QAZAQSTAN
6:05 «Quzqu eken...». 6:40 «Сәлем, Қазақстан!».

ХАБАР
6:00 «Тамаша». 7:40 «Қызық тіпес». 8:55 «Әсем әуен».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Бәрі жақсы».

КТК

07:05 «ОРИГИНАЛ». 08:10 «КТК-ДА ҚАБАТОВ».

30.04.2020
QAZAQSTAN
6:05 «Quzqu eken...». 6:40 «Сәлем, Қазақстан!».

ХАБАР
6:00 «Тамаша». 7:40 «Қызық тіпес». 8:55 «Әсем әуен».

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Бәрі жақсы».

КТК

07:05 «ОРИГИНАЛ». 08:10 «КТК-ДА ҚАБАТОВ».

04.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ».

7-АРНА

06:00 «Қыздар арасында». 07:15 «Тракторшы». 09:00 «Посольство красоты».

31

06:00 Ризамын. 06:45 Информбиро. 08:00 «Әзілдер жинағы».

7-АРНА

06:00 «Қыздар арасында». 07:15 «Жазмыш». 08:00 «Элиф».

31

06:00 Ризамын. 06:45 Информбиро. 08:00 «Ганга».

7-АРНА

06:00 «Қыздар арасында». 07:15 «Жазмыш». 08:00 «Элиф».

31

06:00 Ризамын. 06:45 Информбиро. 08:00 «Ганга».

7-АРНА

06:00 «Қыздар арасында». 07:15 «Жазмыш». 08:00 «Элиф».

31

06:00 Ризамын. 06:45 Информбиро. 08:00 «Ганга».

7-АРНА

06:00 «Қыздар арасында». 07:15 «Жазмыш». 08:00 «Элиф».

31

06:00 Ризамын. 06:45 Информбиро. 08:00 «Ганга».

7-АРНА

06:00 «Қыздар арасында». 07:15 «Жазмыш». 08:00 «Элиф».

31

06:00 Ризамын. 06:45 Информбиро. 08:00 «Ганга».

7-АРНА

06:00 «Қыздар арасында». 07:15 «Жазмыш». 08:00 «Элиф».

31

06:00 Ризамын. 06:45 Информбиро. 08:00 «Ганга».

7-АРНА

06:00 «Қыздар арасында». 07:15 «Жазмыш». 08:00 «Элиф».

01:30 «Четвертый вид».

АQSHAM

09:02 Реклама. 09:10 «София прекрасная». 10:00 Новости. 10:30 Реклама.

ДИДАР

08:00 «Гороскоп». 08:05 «Танғы шоу». 11:05 «Жүрек тынысы».

АQSHAM

09:02 Реклама. 09:10 «София прекрасная». 10:00 Новости. 10:30 Реклама.

ДИДАР

08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп». 08:35 «Танғы шоу».

АQSHAM

09:02 Реклама. 09:10 «София прекрасная». 10:00 Новости. 10:30 Реклама.

ДИДАР

08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп». 08:35 «Танғы шоу».

АQSHAM

09:02 Реклама. 09:10 «София прекрасная». 10:00 Новости. 10:30 Реклама.

ДИДАР

08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп». 08:35 «Танғы шоу».

АQSHAM

09:02 Реклама. 09:10 «София прекрасная». 10:00 Новости. 10:30 Реклама.

ДИДАР

08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп». 08:35 «Танғы шоу».

АQSHAM

09:02 Реклама. 09:10 «София прекрасная». 10:00 Новости. 10:30 Реклама.

ДИДАР

08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп». 08:35 «Танғы шоу».

АQSHAM

09:02 Реклама. 09:10 «София прекрасная». 10:00 Новости. 10:30 Реклама.

ДИДАР

08:00 «Гороскоп». 08:05 «Өн шашу». 09:00 Деректі фильм.

«ОТАН» (ДОСААФ) АВТОМЕКТЕБІ
«В», «В-дан С1-ге», «С1», «С», «BC1», «Д1», «Д», «Е» категориялы жүргізушілер.

РЕШЕНИЕ
Жезказганского городского Маслихата № 43/382 от «30» марта 2020 г.

О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ В РЕШЕНИЕ №33/298 ОТ 4 АПРЕЛЯ 2019 ГОДА «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ СОСТАВА ОБЩЕСТВЕННОГО СОВЕТА ГОРОДА ЖЕЗКАЗГАН»

В соответствии с пунктом 5 статьи 9 Закона Республики Казахстан от 02 ноября 2015 года «Об общественных советах».

1. Ввести в состав общественного совета: Жагипарова Берика Капановича – председателя ОО «Парасаты Ел», членом комиссии;

2. Вывести из состава общественного совета: Балмаганбетова К.С.

3. Настоящее решение вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Председатель сессии С.ОРДУБАЕВ
Секретарь городского маслихата С.МЕДЕБАЕВ

САЯЖАЙДЫ ӨРТ ШАЛМАСЫН
Сарптау барысында өрт оқиғаларының 80 пайызы тұрғын үй жағдайларда, азаматтардың жеке меншігіне тиесілі үйлерде.

Өрт оқиғасына жән өрт бала қалған жағдайда оның таралуына жол бермес үшін міндетті түрде аумақта өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажет.

Саяжай қоғамдастығының аумағы таза ұсталып, коқыс пен тез тұтанатын заттардан жүйелі түрде ардапым тазартылып тұруы керек.

Саяжай қоғамдастығы орналасқан аумақта барлық құрылыстарға, яғни үй, қора-қоспаларға көлік кіріп шығатындай жағдай жасалынуы керек.

Саяжайшылардың үйірінде, қосалқы шаруашылық құрылыстарында өрт қауіпсіздігі ережелерін білуді және оны өз қолына сақтау міндетті саналады.

Саяжайшылардың үйірінде, қосалқы шаруашылық құрылыстарында өрт қауіпсіздігі ережелерін білуді және оны өз қолына сақтау міндетті саналады.

Саяжайшылардың үйірінде, қосалқы шаруашылық құрылыстарында өрт қауіпсіздігі ережелерін білуді және оны өз қолына сақтау міндетті саналады.

Саяжайшылардың үйірінде, қосалқы шаруашылық құрылыстарында өрт қауіпсіздігі ережелерін білуді және оны өз қолына сақтау міндетті саналады.

Семін телефоны: 8 (7102) 74-11-34.

РШАЙХИН, Жезказган қаласы ТЖБ ЗҚҚАЖАКС тобының аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты

Открыто наследственное дело после смерти Сарбасовна Каражат Серикбаевны, умершей 12 марта 2020 года, у нотариуса Айдарбековой М.К.

ШЖҚ Жезказган қаласының ветеринария бөлімінің «Жезказган қалалық ветеринариялық станциясы» КМК әкімшілігі ұйымының атын өзгерту туралы хабарлайды.

ШЖҚ Жезказган қаласының ветеринария бөлімінің «Жезказган қалалық ветеринариялық станциясы» КМК әкімшілігі ұйымының атын өзгерту туралы хабарлайды.

Жезказган қалалық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы мен білім бөлімі, мектеп, мектептен тыс және мемлекет деңгейі білім ұйымдарының басшылары Жезказган қаласының психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің директоры Раиса Абдрамановна Құшкееваға аянысын қайтасыз болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

BSN 050340007333, ЖСК KZ09856000005225027, БСК КСЖВКЗХ «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС. Меншік иесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектелген серіктестігі. Директор – бас редактор Дархан Қабылдашұлы МҰХАН. Таралым – 2100. Көлемі – 4 баспа табақ. Тапсырыс №005. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады.

Құрметті Сарқытбек Смағұлов!

Ұлытау ауданы, Қаракеңгір ауылының құрметті ардагер азаматы, ардақты әкеміз Сарқытбек Смағұлов! Сізді туған күніңізбен және ұзақ жылғы еңбегіңіздің жемісі – зейнетке шығуыңызбен құттықтаймыз! Денсаулығыңыз мықты болып, анамызбен қол ұстасып, бала-шағаныңды ортасында бақытты ғұмыр кешуіңізге тілектесіміз.



Шабытымның шапқын тұрған шағында, Әке бүгін өзін жайлы жазайын. Ғұмырыңды қуанышпен созайын, Жүрші болып алдымызда көзайым. Әкеңіміз мейірім төккен қабағың, Асқар таудай тірегіңіз балаңның. Бақытты етіп қартайғанда жүзіңді Асқартамып қосып әнге салайын. Вас па, әке, ата болып қаларың, Ұзақ ғұмыр сүрес бейімің арнамың. Қиын-қиын бөлестерді өткердің Өлшемей-ақ ауыр жүктің салмағын. Жан әке, құтты болсын зейнет жасың! Біз үшін ардақты гой алтын басың. Анамызбен бір жүрші, бір күліңіз, Жыр алыбы Жамбылдың көріп жасың. Нұр жүзіңнен тек қуаныш кетпесін, Жақсы хабар – сүйішкілер көп келсін. Жемісін көр еңбегіңнің ақ адал, Ырыс келсін жаман нәрсесі жетпесін. Отбасыңыз қуанышқа кенелсін, Кереметсіз бақытпенен кеңейсін. Тұғырыңыз биік болып әрқашан, Айналаңыз немерем көбейсін.

Тілек білдіруші: жарыңыз – Бану, Балаларыңыз: Қарлығаш-Ардақ, Данияр-Гүлжазира, Қаламқас-Нұрбол, Әдемау, Немерелеріңіз: Мадина, Гүлсезім, Көркемай, Тахмина, Алдияр.

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Францияда коронавируспен күресуде



Алғашында көбі оңайлықпен сенсе қоймай, саясаттың ойынына балаған коронавирустың адамзат баласына тигізіп отырған қауіп-қатері туралы ауру дерті асқынып тұрған сонау Францияда жүріп, жаман аурумен күресіп жүрген ақ халатты Жанар Төрбаева қазақ халқына үндеу жариялап, барынша сақтану керектігін ескертті.

Соңғы 20 жылдан бері Францияның Бретань аймағында тұратын Жанар медицина ғылымдарының докторы, дәрігерлер жоғарғы кенесінің кеңесшісі әрі Ренниметрополь парламенті Сан-Жиль әкімдігінің депутаты. Бүгінде 52 000-нан аса адам вирус жұқтырып, 4000-нан астам адам көз жұмған, 9500 адам жазылып шыққан Франция елінде алдыңғы шепте аурумен күресіп жүрген Жанар геритария маманы. Яғни, ерте жастағы қарияларды емдеп, олардың өмір жасын ұзарту жолында күресетін қазақ қызы бүгінде тағжайал құрбандарын жұтқарып жатыр.

– Мен коронавируспен ешкімді де қорқытып-үркіткім келмейді. Тек қана осынау қатерлі эпидемияға әлі де болса сенбестікпен қарап жүрген отандастарымызға айтарым бар. Коронавирустың жұғуы өте жоғары деңгейде. Мысалы, тұмау жұқтырған адам өзге адамдармен араласу барысында 1,5 адамға ғана жұқтыруы мүмкін. Ал, коронавируска шалдыққан адаммен араласқан 15 минут ішінде кем дегенде 3,5-4 адам дертке шалдығып шығады. Бұл ауру ерте жастағы адамдар үшін тіптен қауіпті. Қазақстанға қарағанда Францияда мамандардың арнайы медициналық құралдармен жабдықталуы, фармацевтика индустриясы жақсы дамығандығы белгілі. Соның өзінде, коронавирустан олім құшып жатқан жандар саны өте көп. Бұл дерт тыныс алу жолдары ауыратындар үшін өте қауіпті. Францияда да коронавирустан жағдайы нашарлаған адамдарды ӨЖВ құрылысына салады. ЖИТС ауруларына шалдыққандарды емдеуге арналған «Калетра» антивирустық препараты қолданылады. Сонымен қатар, науқастарды «Амосиклав», «Ровамицин», «Азитромицин» сынды антибиотиктердің көмегімен емдеуге тырысып жатырмыз. Тағы бір айтарым, вирусты жұқтырғандарға безек ауруына қарсы вакциналар салынды. Оның нәтижесі екі апта ішінде белгілі болады, – дейді ол өз сөзінде.

Өзге дәрігер мамандар сияқты күннің жылынуымен бірге вирус таралуы азаяды деп үміттеніп отырған Жанар да қазақстандықтарға иммунитетті барынша көтеретін тағамдармен қоректеніп, салауатты өмір салтын ұстануды, тұмауға, туберкулезге қарсы вакциналарды салдыруға кеңес берді. Сондай-ақ, ол тойшып қазақ халқына мерекелік жиындарды жаз айларында адамдар арақашықтығы сақталатындай тәртіппен ұйымдастыруды, көп қарасы қалың жерлерде жұрмеу керектігін айтып сактандырды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ҚАЗАҚ ТІЛІНІ ҚОЛДАНЫС АЯСЫ КЕҢУДЕ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып саналатын қазақ тілі – әлемдегі тілдердің ішіндегі ең байы.

Тіл әрбір азаматқа ана сүтімен беріліп қалыптасады. Ана сүтімен бойға енген қасиеттер туған тілдің арқасында дамиды. Туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік бала кезден басталуы керек. Айналада адамдарға, өзінің өскен ортаны, Отанға деген ерекше сезім мен қозғарса та туған тілінді білуден басталады. Тіл – халықтың рухани, мәдени байлығының дамуының құралы. Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілді дамыту бойынша біршама жұмыстар жүйелі түрде атқарылып жатыр. Мысалы, сот саласындағы қызметкерлерге мемлекеттік тілді үйрету сабақтары тұрақты түрде ұйымдастырылып жүргізілуде. Қазіргі уақытта барлық құжаттар, іс қағаздар мемлекеттік тілде орындалады. Мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында іс-қағаздары мемлекеттік тілге көшіріле бастады. Қазақ тілінде шығатын бұқаралық ақпарат құралдардың саны арта түсті.

2020 жылдың бастапқы екі айын қорытындылағанда, тараптардан түскен талап-арыздардың 80 пайызы қазақ тілінде, 2019 жылдың 2 айымен салыстырғанда 1,5 пайызға өсті, сонымен қатар, басқа да жеке және заңды тұлғалардан түсіп жатқан сұраныс, жауапхаттар толығымен қазақ тілінде жүргізілуде.

Ең әуелі әрбір отбасы өз шаңырағындағы тіл саясатын түзеуі шарт. Өр отбасында отбасылық тілді дамыту бағдарламасы жасалмаса, мемлекет тарапынан жасалатын барлық іс-шара өзін-өзі ақтамалды. Сондықтан, атананы қадірлеу қалай керек болса, өз ана тілімізді қастерлеу де соншалықты маңызды. Төл тілінде сөйлеуден безу – ана сүтін беріп өсірген аңызды ұмытумен бірдей.

Қазіргі таңда мемлекет жүргізіп отырған тіл саясатының негізгі мақсаты – жинақталған он тәжірибені пайдалана отырып, тіл саясатын жүзеге асырудың жаңаша тетіктерін табудағы нақты іс-әрекеттерімізді белгілеп алудың тағы бір кезекті қадамын жасау болып табылады. Сондықтан, қазақ тілінің тағдыры біздің қолымызда. Ана тіліміздің асқақтауы тікелей бізге байланысты. Ендеше, ана тілімізді өшіріп алмауда аянып қалмайық!

Ж.БЕКМАҒАНБЕТОВ,

Қарағанды облысының кәсіпкерлер тоғамдарының істері жөніндегі №2 мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

«COVID-19 ҚАЙДА ЖАСАЛДЫ?»

осы сұрақ әлем сарапшыларының басты тақырыбына айналды

Бүгінде дүние жүзінде 252 мемлекет бар. Оның 195-і тәуелсіз елдер қатарында. Осынау елдердің даму сатысында алғашқы катарларға жайғасып, бір-бірімен бәсекеге түсе алатын қос мықты бар. Ол – әрине, АҚШ пен Қытай. Өзге жұрт осы екі ірінің қас-қабағына қараумен күн кешуде. Әлемалпауыттары саналатын Қытай мен АҚШ арасындағы «сауда соғысы» Дональд Трамптың билікке келуімен одан әрі өрши түскен еді. Қытайдың «Made in China – 2025» әлеуметтік бағдарламасы негізінде олар ақпараттық технология, робототехника, аэроғарыш, электромобильдер өндіру, биофармацевтика салаларын құрып, өз нарығынан Америка компанияларын ысырып тастауды басты мақсаты етуде деген АҚШ сауда министрлігі аспан асты елін фирмаларына қысым жасап, өнеркәсіптік тыншылық жасады деп айыптады. Өзге оңайлықпен ессіз жіберіп қоймайтын АҚШ билігі қарсы жауап ретінде қытайлық тауарларға баж салығын көбейтіп, құны 200 миллиард долларлық өнімдерге 10 %-дық алым енгізді. Уақыт өте келе баж салығы 25 %-ға өсті. АҚШ-қа экспорттық тарифтің күрт өсуіне қарсы Қытай да дәл осындай сомада америкалық 659 тауардың тарифтік көлемін өсіріп жіберді.



Сауда қақтығысымен басталған дау биыл әлем жұртын түгел дерлік дүрліктерген коронавирустың дертінің жайылуымен одан сайын өрши түсті. Қытайдың Ухань қаласынан басталған аты жаман ауру әлем елдерінің көпшілігінде тарап, қазіргі күні оны жұқтырғандардың саны 1 млн 400 мыңға таяп қалды. Ауыр дерттен айыға алмай ажал құшқандар саны да толастар емес. Қай кезде де мәселенің негізгі байыбына көз жүгірткен абзал. Осы орайда, COVID-19 қалай пайда болды деген сұрақ туындары ақиқат. Шынымен, адамзат баласын аждаһадай жалмаған бұл бәде қайдан шықты? Үндістанның Дели қаласындағы Джавахарлал Неру университетінің профессор Аниад Ранганатан

бастаған ғалымдары бұл вирусқа зерттеу жүргізе келе, бұл жарғанаттар мен жыландарда кездесетін вирус пен ВИЧ жасушаларын біріктіру арқылы қолдан жасалған вирус

қазан айында Қытайда өткен бүкіл әлемдік әскери қызметшілер сайысында Пентагон мен АҚШ-тың орталық барлау агенттігі арнайы жоспарға сәйкес америкалық

әскерлерге коронавирусты жұқтырып, оны Қытай жерінде таратты деген тұжырымды алға тартады. Осылайша олар өз елдеріне қайтқан жауынгерлерін арнайы вакцина көмегімен емдеп алды-мыс. Өркім осылайша әр түрлі болжам жасайды. Ал, шындығында, бүгінде коронавирусты жұқтырған америкалықтардың саны күннен күнге өсуде. Әлем бойынша коронавирустың 5 %-ы Нью Йорк қаласында тіркелген. 200 мыңнан астам адам көз жұмып үлгерді. Асқына түскен ауыр дертке аты әлемге айтулы Америка медицинасы да дайын емес болып шықты. Бүгінде, бұл елдегі COVID-19 вирусын жұқтырған науқастарды Сингапур мен Ираннан келген дәрігерлер емдеп жатыр. Адамзат кіноні қайдан іздерін білмей отырғандықтан 26 наурызда видео арқылы өткен «Үлкен жиырмамықтың» жиынында Ресей президенті В.Путин Ресей Италиямен қатар өзге де ауру асқынан мемлекеттерге көмек көрсетуге даяр екендігін жеткізе келе, ол үшін Ресей тарапына жарияланған

санкцияларды алып тастауды ұсынды. Оның бұл сөзіне әлеуметтік желілерде көптеген ел сарапшылары қарсылық білдіріп, Ресей Италияға көмек көрсеткен кейіп танытып, санкциядан құтылады да, Украинаға қарсы соғысын жалғастыра беретінін жеткізді. Осы орайда, ғаламтор желісінде «Коронавирусты Ресей ойлап тапты, оларға Франция ғалымдары көмектесті» деген ақпарат та жедел тарап үлгерді. Шарасыздық салдарынан кім кімді кінәларын білмей отырған бүгінгідей кезеңде күдік пен күмән де қатар жүрері анық.

Байыбына бармай жатып, байбалам салып, теріс тұжырым қалыптастырудан аулақпыз. Жер жаһанды жалмауыздай жұта бастаған жаман дерттен бүкіл планета халқы зарлап шегуде. Бүгінде біздің елімізге де дендеп еніп бара жатқан ауыр дерттің тұтқынына түскен отандастарымыздың саны артып барады. Анығын уақыт көрсетері анық. Ендігі біздің қолымыздан келері, арнайы тәртіпке бағынып, сақтық шараларын қатаң ұстану. Ғалымдардың айтуынша, коронавирустың +4 градустан артық температурада 4-5 күннен көп тіршілік етпейді екен. Осыған орай, тәжжажал жаза қарай бөсендейді деген үмітіміз бар. Десек те, бұдан былай адамдар маскамен дос болғаны абзал. Солай етуіміз керек те. Дәрігерлердің айтуынша, маска мұрын мен ауызға вирустың түсіп, ішкі тілдерге өтіп кетуінен қорғайды және адамдардың кез келген жерде быланып тұкіріп, қақырынуына тосқауыл қояды. Күз келісімен вирустың қайта пайда болу қаупі бары да жасырын емес. Өзірге, әлем ғалымдары ортақ бір шешімге келіп, коронавируска төтеп беретін вакцинаны жасап шығармады. Вакциналардың арнайы медицина талаптарына сай тексерістен өтіп, мақұлданыуы үшін де біраз уақыт қажет. Ал, өзінде қолымыздан келері – тазалық тәртібін сақтау, бейсауат жүрісті азайтып, көпшілік ортадан оқшаулану ғана болып тұр.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ СӨРЕСІ АШЫЛДЫ

«Мұқтажсыз ба – алыңыз, қайырымды болсаңыз – салыңыз» деген ұранда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы «Зекет» қайырымдылық қорының Жезқазған аймақтық өкілігі, қалалық жастар ресурстық орталығы және жезқазғандық волонтерлар ұйымдастырған қайырымдылық сөресін Анарқұлов көшесіндегі 7-үйде орналасқан «Балжан» дүкенінен кездестіре аласыз.



– Бүгінгідей кезеңде волонтерлардың бастамасымен жүзеге асып жатқан шаралар легі аз емес екенін білеміз. Соның бір дәлелі – бүгінгі қайырымдылық сөресінің пайда болуы. Бұл жерге күнделікті тұрмысқа қажетті әлеуметтік азық-түліктер қойылды. Соған сай мұқтаж жандар келіп, керектерінше алып пайдалануларына болады. Сонымен қатар, өзге де кең пейілді, қайырымды жандар болса, осы сөреге азық-түліктер қойып, тұрғындарға көмектесе де болады. Менің дүкенді ашқаным 6 ай болды. Содан алғашқы ашылған айдан бері, менде әр жұма сайын нанды тегін беруді қалыпқа айналдырдым, – деген «Балжан» дүкенінің иесі, кәсіпкер Айгерім Тыныбекова барша тұрғындарды жақсылықпен айналысып, бір-бірлеріне қол ұшын созып көмектесуге шақырды.

Қала тұрғыны Нұрбике Баянова да ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

– Бұл істі өзге де қала кәсіпкерлері қолдаса өте жақсы болар еді. Мұқтаж



жанға пайдаңды тигізу арқылы қаншама сауапқа кенелесің. Мен бүгінгі игі шараға ұйытқы болған барша жастарға аналық алғысымды білдіремін. Еңбектеріңіз жанысың! – дейді ол.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ОНЛАЙН ҚОЙЫЛЫМҒА ДАЙЫНДЫҚ ҮСТІНДЕ

Еліміздің ірі қалаларында карантин жарияланған күннен бастап халық қарасы қалың жиналатын С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театрының ұжымы да онлайн режимде жұмыс істеуге көшкен еді.

орай арнайы тандалған спектакль қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы, философ, ақын Абайдың жас күні мен қартан шағына дейінгі өмір жолын баяндайды.

– Елімізде орын алған төтенше жағдайға байланысты театр ұжымы онлайн жұмыс тәртібіне көшкенді жөн санады. Көпті дүрбеленге түсірген жаман ауру салдарынан жоспар түгелдей өзгерді. Театр маусымының ашылуына байланысты көптеген қойылымдар әзірленген болатын. Бүгінде олардың барлығы тоқтатылды. Үйде жұмыс істеуге көшкен Серке театры ұжымы хакім Абай Құнанбайұлы туралы спектакльді дайындауда. Бүгінде пьеса оқылымы жүріп жатыр. Актерлармен күнделікті бір уақытты белгілеп, онлайн дайындық жүргізілуде. Жаңа спектакльді мамыр, маусым айларында көрмерген ұсынсақ деген ниетіміз бар, – деді театрдың көркемдік жетекшісі Кенжетай Өбдідин.

Алдағы уақытта жезқазғандық көрмерген жол тартпақ спектакльдің қоюшы режиссері – Теміржан Жанботаев. Ал басты рөлдерді, Абайдың жас кезі мен қария кезінің театр актерлары Нұржан Бейісбеков пен Серік Бұлғабаев сомдайды.

Ай СҮГІР



Жоспарланған түрлі республикалық және халықаралық театр фестивалдерінің кейінге шегірілуіне байланысты театр ұжымы жаңа спектакльдің дайындығына қызу кіріскен. Ол – Иран Ғайыптың «Мен ішпеген у бар ма?» қойылымы. Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына

ТОП ЖАРДЫ

Қазақтың біртуар ұлдарының бірі, данышпан ақын, ойшыл, дана ғұламасы, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы Абай Құнанбайұлы – қазақтың мақтан тұтатын дара ұлдарының бірі. Абай – халқымыздың мақтаншығы ғана емес, біздің ұлттық ұранымыз. Абай өлмес мұра қалдырды, оны алдымен өзіміз танып, сосын әлемге таныту – біздің ғұмырлық парызымыз.



175 ЖЫЛЫ

«Болмасаң да ұқсап бақ» деген Абай атамыздың асыл сөзін ұранға айналдырар кез келді. Өйткені, бүгін болашақ ұрпағымыздың бойына бабаларымыздың асыл қасиеттерін дарытып, оларды халық қамын ойлайтындай саналы азамат ретінде тәрбиелеу талабы тұр. Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орайластырылған шаралардың бірегейін «BILIM-ORKENIET» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырды. Абай мұрасын зерттеуді және насихаттауды парызы санайтын біздің ұжым бұл жолы да шарадан тысқары қалмады. «Абай мұрасы – қазақтың қасиетті қазынасы» атты халықаралық байқауға №6 «Балауса» бөбекжайының директоры Жанар Демесінова мен «Балбөбек» тобының тәрбиешісі Келбет Жаңбырбай қатысуға ниет танытты. Және әріптестеріміздің бағы мен бабы қатар шауып, жеңімпаздар қатарынан табылды. Атап айтсақ, Абайды шығармасына



арқау еткен қос әріптесіміз «Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл» төсбелгімен марапатталып, арнайы дипломның иесі атанды. Және олардың қазақтың бас ақыны хакындағы орамды ойлары мен жүйелі жазбалары «Абай мұрасы – қазақтың қасиетті қазынасы» атты жинаққа енгізілді.

Айжан ҚЫСТАУБАЕВА, №6 «Балауса» бөбекжайының қызметкері